



Азат ПЕРУАШЕВ, Парламент Мәжілісінің депутаты:

«ПАРЛАМЕНТАРИЗМ ИНСТИТУТЫН ЕНГІЗУ МАҢЫЗДЫ»

5-бет

ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№5 (3433) 18 қаңтар 2022



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖУРНАЛИСТЕР ҚАУІПТЕН ҚОРҒАЛМАҒАН



Ел басына қауіп төнген қиын кезеңде журналистердің көпшілігі үнсіз қалмауға тырысты. Олар азаматтық ұстанымына сай халыққа шынайы ақпаратты дер кезінде жеткізуге күш салды. БАҚ-та ғана емес, әлеуметтік желілердегі парақшасында көрген-білгенін жазып, оқиғаға қатысты көзқарасын білдіргендер де аз емес. Еліміздің «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңының талаптарына сай журналистердің ақпарат алу мен жариялау құқына шектеу жоқ. Ең бастысы ақпарат нақты және шынайы деректерге негізделіп, ешкімнің ар-намысына тимеу керек.

(Жалғасы 3-бетте)



Алмат БАЙШОЛАКОВ,
Шығыс Қазақстан облысының
прокуроры:

«ҮШ БУЫНДЫ МОДЕЛЬ
ТИІМДІЛІГІН КӨРСЕТТІ»

6-бет



ЖЕТІНШІ МҮРДЕ

8-бет

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

ПОЛИЦИЯДАН ЗАРДАП ШЕКСЕҢІЗ, ХАБАРЛАСЫҢЫЗ!

ІІМ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
ӘРЕКЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ШАҒЫМДАР
ҮШІН CALL-ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ НӨМІР-
ЛЕРІН ЖАРИЯЛАДЫ.

Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев Өзіндік қауіпсіздік департаментіне азаматтардан полиция қызметкерлерінің әрекеттеріне қатысты келіп түскен шағымдарды мұқият тексеруді тапсырды.

Қазіргі уақытта ішкі істер органдар бөлімшелері күшейтілген режимде қызмет атқарып жатыр. «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу іс-шарасы жалғасады, адамдар көп жиналатын орындарда және тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінде күзет жасақтары күшейтілді. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, өткен оқиғалардың салдарын жою бойынша шаралар қабылданып жатыр.

Бейнебақылау камераларын талдау, сондай-ақ айналасына бейжай қарамайтын азаматтардан келіп түсетін материалдарды сараптай отырып, күдіктілерді анықтау бойынша іс-шаралар жүргізілуде. Қазақстандықтардан хабарламалар қабылдау және оларға жедел ден қою үшін полиция департаменттерінің Жедел басқару орталығы мен комендатуралардың call-орталықтары қызметкерлерінің саны артты.

Сонымен бірге, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде полиция қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері, оның ішінде ұялы телефондарды тексеруге қатысты ақпараттар жарияланып жатыр. ІІМ азаматтардың ұялы телефондарын олардың келісімінез немесе сот органдарының санкциясыз тексеруге, сондай-ақ қарауға тыйым салынғанын ресми түрде мәлімдейді.

Осыған байланысты Ішкі істер министрі елдегі құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің өзге мәселелерімен қатар, қызметтер мен аумақтық бөлімшелердің басшыларына азаматтардың конституциялық құқықтарын қатаң сақтауға, оларды негізсіз қылмыстық және әкімшілік қудалауға жол бермеу туралы нұсқау берді.

Қазақстандықтардан полиция қызметкерлерінің заңсыз әрекеттерінің барлық деректері бойынша ІІМ ӨҚД-нің тәулік бойы жұмыс істейтін 1402, 8 (7172) 71-41-09 сенім телефонына, министрдің блогы, «ашықтық алаңы» фронт-кеңселеріне, сондай-ақ төмендегі өзіндік қауіпсіздіктің аумақтық бөлімшелеріне хабарласуға болады:

Нұр-Сұлтан қалалық ПД ӨҚБ – 8-702-127-98-18
Алматы қалалық ПД ӨҚБ – 8-707-927-67-69
Шымкент қалалық ПД ӨҚБ – 8 (7252) 21-43-23

Ақмола облысы ПД ӨҚБ – 8 (7162) 25-03-60
Алматы облысы ПД ӨҚБ – 8 (7282) 60-81-58
Ақтөбе облысы ПД ӨҚБ – 8 (7132) 52-16-91
Атырау облысы ПД ӨҚБ – 8 (7122) 25-10-38
Шығыс Қазақстан облысы ПД ӨҚБ – 8 (7232) 23-43-32

Жамбыл облысы ПД ӨҚБ – 8 (7262) 45-43-39,
7-701-072-70-00

Батыс Қазақстан облысы ПД ӨҚБ – 8 (7112) 98-45-68, 98-42-75, 98-40-44, 8-707-290-28-84
Қарағанды облысы ПД ӨҚБ – 8 (7212) 42-93-39
Қостанай облысы ПД ӨҚБ – 8-707-715-44-24
Қызылорда облысы ПД ӨҚБ – 8 (7242) 27-28-74,
8-747-182-51-43

Маңғыстау облысы ПД ӨҚБ – 8 (7292) 47-52-69
Павлодар облысы ПД ӨҚБ – 8 (7182) 32-28-22
Солтүстік Қазақстан облысы ЖП ЕҚБ – 8 (7152) 61-26-89, 8-700-161-26-89

Түркістан облысы ПД ӨҚБ – 8-701-121-93-35
Көліктегі ПД ӨҚБ – 8 (7172) 94-23-20, 8-707-294-23-20.

Әрбір өтініш жеке қаралып, азаматтарға толыққанды жауап беріледі.

Polisia.kz

САРАП

ЛАҢКЕСТІККЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢНАМАНЫ ҚАЙТА ҚАРАУ КЕРЕК

Бейбіт митингпен басталып, аяғы эстремистік, террорлық актіге ұласқан елдегі жағдай тәуелсіздік – тарихтың сыйы немесе ешкімнің меншігі еместігін, күн сайын қорғап, үздіксіз нығайтып отырмаса оны баянды ету қиын екенін көрсетті. Қазір барлық жерде Мемлекет басшысының 11 қаңтардағы Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзі жұртшылық арасында қызу талқыланып жатыр. «Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады» деп бөрік аспанға атып жатқандар да аз емес. Әйтсе де, түбегейлі жаңаруды бастау үшін бізге бүкіл ойлау жүйемізді жаңарту қажеттігін түсіндіріп, оған жұртшылық назарын аудартуда әлі де олқылықтар бар.

(Соңы 3-бетте)

АЛАСАПЫРАННАН КЕЙІНГІ АЙМАҚТАР ТЫНЫСЫ

ҚЫЗЫЛОРДА:

ЖАҒДАЙ
ТҰРАҚТАЛЫП КЕЛЕДІ

ЕЛІМІЗДЕ ЖАППАЙ НАРАЗЫЛЫҚТАН ЗАРДАП ШЕККЕН ОБЛЫСТЫҢ БІРІ – ҚЫЗЫЛОРДА. БҮЛІКШІЛЕР ШАБУЫЛЫ КЕЗІНДЕ 9 НЫСАН ОТҚА ОРАНҒАН БОЛАТЫН. АТАЛҒАН ОБЛЫСТА ЖАППАЙ ТӘРТІПСІЗДІК САЛДАРЫНАН 26 КӘСІПКЕРЛІК НЫСАНҒА ЗИЯН КЕЛДІ. ШЫҒЫННЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ 395,4 МИЛЛИОН ТЕҢГЕДЕЙ БОЛЫП ОТЫР. СОНЫҢ ІШІНДЕ ПОЛИЦИЯНЫҢ 24 АВТОКӨЛІГІ ӨР-ТЕНІП, 8-І ЗАҚЫМДАНҒАН.



Айта кетсек, Қызылорда қаласында орналасқан «Компас», «Sinooil», «Газ-Энерджи» жанар-жағар май бекеттері-не, «Сұлтан», «Фристайл», «Бірлік», «Аль-асад» сауда үйлері ғимараттарына, төлем терминалдарына, «М-Ломбард» нысанына залал келтірілген. Бұл орын-дардан азық-түлік, алтын бұйымдар, ақша тонау деректері де тіркелген. Қызылордада жаппай тәртіпсіздікке қаты-сы бар деген 80 адам қамауға алынды. Қазір күдікке ілінгендердің іс-әрекетіне құқықтық баға беріліп, тергеліп жатыр. Аймақта қауіптің қызыл деңгейі жария-ланып, бүгінде қауіпсіздік шаралары күшейтілген. Мұнда қалаға келетін көліктер жіті тексеріліп жатыр. Жалпы, өңірде антитеррор операциясы жалға-суда. Құқық қорғау органдары шаһарда ойран салған топтың белсенділерін із-дестіріп жатыр.

Қазіргі таңда Қызылордада жағдай тұрақталып, тәртіп бұзушылық тоқтаған. Осындай оқиғадан кейін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қызылорда облысында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында блокбекеттер саны 5-еуден 27-ге ұлғай-тылды. Енді қалада ғана емес, аймақтағы барлық аудан орталығына кіріп-шыға-тын автокөліктер тексеруден өтуде. Облы-ста түнгі 11 мен таңғы 7 аралығында коменданттық сағат енгізіліп, полиция күшейтілген режимде тәртіптік бақылау жүргізуде. Өңірде полиция мен әскери жасақтың «Антитеррор» операциясы әлі де жалғасуда.

Бірнеше күннен бері тоқтап қалған қоғамдық көліктер жолға шығып, базар-лар ашылды. Елді үрейге салған күндер артта қалып, қалада толықтай құқықтық тәртіп орнады. Бұл өңірдегі алыс-жақын елді мекендерге қатынайтын автобустар кестеге сәйкес жолаушыларды тасы-малдауға кірісті. Сондай-ақ, шаһарда біраздан бері жабық тұрған тұрмыстық, киім-кешек сататын базарлар ашылды. Мұнан бөлек, қаладағы дәрханалар, шағын дүкендер де жұмысын жандан-дырды. Сонымен қатар, Қорқыт ата әуежайынан Нұр-Сұлтан – Қызылорда бағытындағы ұшақтардың рейсі де қал-пына түсті.

21 адам қаза тапты

Қызылордадағы қақтығыста жиырма бір адам қаза тапты. Қан төгілген дүр-белеңде күштік құрылымдар мен бейбіт тұрғындар да ажал құшты. Бүгінде түрлі жарақат алған 48 адам ауруханада жатыр. Қалалық аурухана мен облыс-тық медициналық орталық дүрбелең басталғалы бері күшейтілген режимде жұмыс істедуде.

Облыста наразылық тудырған алғашқы күні 365 адам полиция орган-дарына жеткізілді. Оның ішінде 54 адам уақытша қамау изоляторында отыр. Олардан 3 атыс, 13 суық қару, 8 қалқан, 4 каска, 5 дубинка тәркіленді.

Сондай-ақ, аймақта коменданттық сағат талабын себепсіз бұзған 40 адам тәртіптік шараға тартылған. Мұнан бөлек, жаппай тәртіпсіздік кезінде ай-мақтағы 26 кәсіпкерлік нысанға залал келгені белгілі болды. Алдын ала есеп бойынша жергілікті бизнес өкілдері 400 миллионға жуық теңге көлемінде шығынға ұшыраған.

Қызылордадағы жаппай тәртіпсіздік-ке қатысы бар деген күдікпен 225 адам тергеуге алынған. Бүгінде полиция олар-дың нақты қылмысқа қатысы бар-жоғын анықтап жатыр.

Байқоңыр қаласының тұрғыны тө-тенше жағдай кезінде құқықтық тәртіпті бұзуға итермелейтін әрекет жасаға-

ны анықталды. 7 қаңтарда әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу бары-сында Байқоңыр қаласының 49 жастағы тұрғыны өзінің «Facebook» әлеумет-тік желісіндегі парақшасында аранда-тушылық сипаттағы жалған ақпарат таратқаны анықталды.

Облыстың әрбір кіреберісіне блок-бе-кеттер қойылып, автокөліктер жеке-жеке тексерілуде. 9 қаңтар күні сағат 16:50 шамасында қала аумағындағы блок-бе-кетте «Honda Odyssey» маркалы ав-токөлігін тоқтатып тексеру барысында автокөліктің жүк салғышынан 1,5 келіге жуық «марихуана» есірткі заты анықтал-ды. Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамаққа алынды. Қазіргі уақытта ҚР ҚК 296-бабының 4-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

Қызылордадағы бүлікшілермен қақтығыста 22 полиция қызметкері түрлі дене жарақатымен ауруханаға түсті. Басын бөйгеге тіккен сақшылар-дың бірқатары қайта сапқа қосылып, қоғамдық тәртіпті орнатудағы қызметін жалғастыруға кірісті.

Облыс әкімі жарақаттанған сарбаз-дардың жағдайын білді

Аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқа-лықова қала нысандарын аралау ба-рысында облыстық медициналық ор-талыққа барып, онда ем алып жатқан террористік шабуылдан жарақат алған ішкі істер органдарының қызметкерлері мен сарбаздардың жағдайын білді.

Сондай-ақ, Гүлшара Әбдіқалықова ақ халаттылардың төтенше жағдайдағы еңбегін жоғары бағалап, жұмыстарына сәттілік тіледі. Айта кетейік, 5 қаңтардан осы кезге дейін облыстық көпбейінді ауруханада 204 тұрғын медициналық көмекке жүгінсе, 48 науқас ем алуда, 9 науқас жансақтау бөліміне жатқызылған.

Жас сарбазды
ел ұмытпайды

Қызылорда облысында болған қақ-тығыстың салдарынан жас сарбаз қаза тапты. Қатардағы жауынгердің әскери борышын өтеп жүргеніне небәрі 6 ай ғана болған. Ел басына күн туған сәтте халықтың тыныштығы мен бейбітшілігі жолында өмірін құрбан еткен сарбаз мемлекеттік наградаға ұсынылды.

Жас батырымыздың есімі Мадияр Қайсаров. Ол Қызылорда қаласында қоғамдық тәртіпті қалпына келтіру бо-йынша қызметтік-жауынгерлік міндетін атқару кезінде қаза тапты.

Елімізде жасалған террористік ак-тілер салдарынан құқық қорғау қызмет-керлері мен бейбіт тұрғындардың қаза болуына байланысты үстіміздегі жыл-дың 10 қаңтары «Жалпыұлттық аза тұту күні» деп жарияланды. Бұл қаралы күні Қызылорда облысы Полиция департа-ментінің ғимаратында Мемлекеттік Ту төмен түсірілді. Департаменттің жеке құрамы қаз-қатар тізіліп, 5 қорап құрып, сапқа тұрды. Бүлік кезінде қаза тапқан бейбіт тұрғындар мен әскерилерге, құқық қорғау органдарының қызмет-керлері бір минут үнсіздікпен еске алып, құрмет көрсетті.

Қызылорда облысы Полиция депар-таментінің барлық қызметкерлері және Ардагерлер кеңесі қаза тапқандардың отбасыларына, туған-туысқандары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

Сырдария аудандық полиция бөлі-мі жанындағы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Еспенбетов бастаған құқық қорғау органдары саласының ардагерлері әріптестеріне қолдау көр-сетуде.

Раушан НАРБЕК

АҚТӨБЕ:

АҚТӨБЕДЕ ЖАППАЙ ТӘР-ТІПСІЗДІК БАРЫСЫНДА ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҒИМАРАТЫ ЗА-ҚЫМДАНДЫ. КЕЛГЕН ШЫҒЫН ШАМАМЕН 300 МИЛЛИОН ТЕҢ-ГЕНІ ҚҰРАЙДЫ. БАРЛЫҒЫ 17 ПО-ЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІ ЖАРАҚАТ АЛДЫ. БҮЛ ТУРАЛЫ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ РУС-ЛАН ХАМБАРОВ АЙТТЫ.

Ақтөбеде жаппай тәртіпсіздіктер кезінде қала бойынша жаппай тонау фактілері тіркелген жоқ. Алайда, облыс әкімдігінің ғимараты зақымданды. Келген шығын шамамен 300 миллион теңгені құрайды. Өйткені 4 қаңтарда наразылық білдірушілер Ақтөбе облы-сы әкімдігінің ғимаратын басып алып, тонап кеткен.

Бұған дейін әлеуметтік желіде Ақтөбеде наразылық өршіп тұрған тұста облыс әкімі мен орынбасары-ның халық алдына шықпағаны туралы айтылған еді. Тіпті, ел арасында өңір басшысының қашып кеткені туралы да ақпарат таралды. Тікелей эфир барысын-да Руслан Хамбаров наразылық кезінде аймақ басшыларының қайда болғанын айтып берді.

Ол облыс басшысының дүрбелең кезінде жұмыста болғанын, алайда ғи-марат басып алынғаннан кейін қауіпсіз жерге көшуіне тура келгенін жеткізді. Оның сөзінше, әкімдік ғимаратын қал-пына келтіруге шамамен 2-3 апта уақыт

ТҮРКІСТАН:

ТҮРКІСТАН ТЫНЫШТЫҚТЫ
САҚТАП ҚАЛДЫ



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ БЕЙБІТ ШЕРУГЕ ШЫҒЫП, БЕЙБІТ ТҮРДЕ ТА-РАДЫ. ХАЛЫҚТЫҢ БҮЛІК ШЫҒАРУЫНА ТҮР-КІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕР-ЛЕРІ ЖОЛ БЕРМЕДІ. ОБЛЫС ТҮРҒЫНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ.

Бүгінгі күні, Түркістан облысында жағдай тұрақты. Десе де, тәртіп сақшылары қоғамдық қауіпсіздік пен ел тыныштығын күндіз-түні күзетуде. Тексеру нәтижесінде полицейлер Алматыдағы бүлікшілік кезінде тонау жасаған тағы жеті адамды қолға түсірді.

Қазір облыстың барлық кіре-берісіндегі блок-бекеттерде жолаушылар қатаң түрде тексеріліп, кіргізілуде. Әсіресе, Түркістан қаласына кіріп-шығатын жолдардағы блок-бекет-терде әрбір көлік мұқият қаралып жатыр. Өңірдің полицей-лері Алматы қаласында тәртіпсіздікке қатысқан 5 жас жігітті ұстады. Олар Жетісай қаласындағы қонақ үйлердің бірінде жасырынып отырған. Ұсталғандар Алматы мен Түркістан облыстарының тұрғындары екені анықталды. Құрықталған азаматтың екеуі бұрын ұрлық үшін сотты болған. Тәртіп сақшылары олардан 550 000 теңге, есірткі, брендтік ерлер мен әйелдер заттарын тәркіледі. Ұсталғандардың айтуынша, олар Алматы қаласында орын алған жаппай тәртіпсіздікті пайдаланып, «KOTTON» сауда үйінің жанынан заттарды алған.

Сондай-ақ, бүгін, яғни 8 қаңтар күні танертең сағат 6.35-те Ынтымақ блок-бекетінде Түркістан қаласына кіре берісте сөмкесі бар екі жас жігіт полицейлердің назарына түседі. Олардың құжаттарын тексеру кезінде екеуі де Түркістан қаласының тұрғындары екені белгілі болады. Анықталғандай олар бұрын тонау мен ұрлық үшін сотталғандар.

Олардың жүктерінің ішінен полицейлердің «Никон» және «Кенон» фотоаппараттарының 5 жиынтығын, 11 түрлі алтын әшекейлер атап өтер болсақ, сырғалар, сакиналар, алқалар және тағы да басқа бағалы заттар, сондай-ақ «Самсунг» мар-калы 2 және «Айфон-12» маркалы телефонның 1 данасын, 1 ноутбук пен екі жаңа кроссовкаларды тауып, тәркіледі.

Белгілі болғандай олар 5 қаңтар күні жаппай тәртіпсіздік барысында Алматы қаласындағы Төле би көшесінде орна-ласқан Технодом дүкеніне кірген. Содан кейін ғимаратта тұрған ер адамды ұрып, техникалық құралдарды, алтын мен аяқкиімді алып кеткен.

Күдіктілер Түркістан облысына қалааралық автобуспен Алматы облысының Ұзынағаш қаласынан келген. Түркістан қаласына кіреберісте коменданттық сағатты ескере отырып, жүргізушіден тоқтауды сұраған және қараңғыны пайдала-нып, жаяу жүріп өтпекші болған.

Бүгінде күдікті бес адамға қатысты ҚР ҚК 191-бабы «То-нау» бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Барлығы қамауға алынды

ЗАЛАЛ КӨЛЕМІ
ҚОМАҚТЫ



қажет. Ақтөбедегі жаппай тәртіпсіздік-ке ұласқан бейбіт митингтен кейін по-лицияға 960 адам жеткізілген. Жаппай тәртіпсіздіктер ұйымдастыру, билік өкілдеріне күш қолдану, ғимаратқа ша-буыл жасау және лаңкестік әрекеттер жасау фактілері бойынша 11 қылмы-стық іс қозғалды.

– 960-қа жуық адам ұсталып, ішкі істер органдарына жеткізілді. Оның ішінде 7 адам аса ауыр қылмыс жасады деген күдікпен уақытша ұстау изоля-торына қамалды. Төрт адамға қатысты сот қамауға алу түріндегі бұлтарт-пау шарасын санкциялады. 312 адам әкімшілік қамауға алынды, қалғандар-ына қатысты жедел тексеру шаралары жүргізілуде, – делі Руслан Хамбаров. Жаппай тәртіпсіздік кезінде 17

полиция қызметкері жарақат алды. Қазір 2 қызметкер ауруханада ем алып жатыр.

Қазіргі уақытта облыс бойынша жағдай бірқалыпты. Барлық тіршілікке қажетті нысандар, қоғамдық көліктер штаттық режимде жұмыс жасауда. Сон-дай-ақ ірі өндіріс кәсіпорындары және қаржы мекемелері өз жұмыстарын жан-дандырды. Жанармай бағасы тұрақты. Азық-түлік бағасы бақылауда. Облыс әкімі орынбасарының мәліметінше, Ақтөбе облысында қаңтар айынан бастап өндіріс саласындағы 24 мың адамның орташа есеппен 25% жалақы-лары өсті.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өкінішке қарай, төтенше жағдай кезінде біздің осы заңмен айқындалған кәсіби міндетімізді атқару оңайға түспеді. Бұған шеру барысында ұсталған әріп-тестеріміз, бұғатталған порталдар дәлел. Мәселен, 4 қаңтар күні Нұр-Сұлтан қаласында «Азаттық» радиосының астаналық бюросының жетекшісі Дархан Өмірбек ұсталды. Ол бас қаладағы «Әсем»

тастамақ болып, дөрекі түрде кетуді талап еткен.

Сол секілді «Vlast.kz» порталының тілшісі Алмаз Кайсарға да Төле би бойымен шығысқа қарай қозғалған шерушілерді түсіру барысында шабуыл жасалды. Осындай жұмыс барысында «Алматы» телеканалының түсірушілер тобының жүргізушісі Мұратхан Базарбаев қайтыс болып, оқ арнайы техника операторы Диаскен Байтибаевтың екі саусағын жұлып кеткен.

риялық алаңы екені, журналистер жау емес, осы елдің азаматы екені айтылған.

Алайда, жаңа тағайындаулар бұл мәселеге мойын бұрғызбай жатқандай. Десе де, осынау сын сәтте жаңа да ескі үкіметтің барынша сергек болғаны, алдымен жұртшылықтың талап-тілегіне маңыз бергені жөн. Порталдың бас редакторы Гүлнар Баженованың айтуынша, сайт әлі де бұғатталып тұр. Редакция өз жұмысын әлеуметтік желілер арқылы жүргізіп жатыр.

САРАП

ЛАНКЕСТІККЕ ҚАТЫСТЫ
ЗАҢНАМАНЫ
ҚАЙТА ҚАРАУ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президент 6 қаңтардағы Қазақстан халқына үндеуінде террористер мемлекеттік және жеке азаматтардың дүние-мүлкіне әлі де залалын келтіріп, азаматтарға қарсы қару қолданып жатқандықтан құқық қорғау органдары мен армияға ескертусіз оқ атуға бұйрық берген еді. «Шетелде тараптарға келіссөз жүргізіп, проблемаларды бейбіт жолмен шешуге шақырған сөздер айтылуда. Не деген ақымақтық?! Қылмыскерлермен, қанішерлермен қандай келіссөз болуы мүмкін? Біз қаруланған әрі дайындықтан өткен жергілікті және шетелдік содырлармен бетпе-бет келіп отырмыз. Нақты айтқанда, содырлармен және лаңкестермен. Сондықтан оларды жою керек. Бұл жуық арада жүзеге асырылады» деген Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ саммитінде де елімізге қарсы террористік соққы жасалғанын ашық мәлімдеген болатын.

Қазір әркім сан-саққа жүгіртіп жүрген бұл террористік соғыстың себеп-салдары алдағы уақытта зерттеліп, айтылып, жазылары күмәнсіз. Біз бұл арада түйткілді мәселенің бір ұшы елдегі заңнамаға қатысты екенін айта кеткенді жөн санап отырмыз. Атап айтқанда, Конституция мен 1999 жылғы 13 шілдедегі «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» және 2005 жылғы 18 ақпандағы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұратын Қазақстанның терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл заңнамасы заман талабына сай үздіксіз өзгерістер мен түзетулерді қажет ететінін сарапшылар әрдайым айтып, жазып жүр. Ол Халықаралық және әлемдік деңгейдегі ұйымдардың мінберінде де қозғалды. Одан Қасым-Жомарт Кемелұлы да сырт қалған жоқ. Атап айтқанда, 2017 жылы наурызда Санкт-Петербургте ТМД мемлекеттерінің Парламентаралық ассамблеясы мен ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясы ұйымдастырған халықаралық терроризммен күрес жөніндегі парламенттік конференцияда ҚР Парламенті Сенатының төрағасы ретінде халықаралық құқықтағы терроризм ұғымының заңды және саяси қисынды анықтамасын беру қажеттігін көтерді.

«Адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеудің маңыздылығын толық түсінген жағдайда қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін интернетті реттеу мәселелері бойынша ойланудың мәні зор. Басты мақсат – экстремизм идеясын насихаттауға және жастарды террористік ұйымдардың қатарына алдап-арбап тартуға кедергі жасау болып отыр», – деген Қ.Тоқаев өз баяндамасында кедейлік, сауатсыздық, сыбайлас жемқорлық, азаматтардың құқығы мен бостандығын шектеу секілді терроризмнің бастапқы себептерін жою-

дағы заң шығару органдарының әлеуетіне ерекше назар аударды. Сондықтан – ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясы сессияларының бірінде Экстремизм және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі ұйымның Үйлестіру орталығын құру туралы мәселені қарауды да ұсынды. Онда сондай-ақ, ҚР Конституциясына террористік әрекетке қатысқаны үшін Қазақстан азаматтығынан айыру туралы жаңалық енгізілгенін де хабарлауды ұмытпады.

Ал Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің 2021 жылғы 23 тамыздағы кезектен тыс сессиясында Қ.Тоқаев ҚР Президенті ретінде сөз алып, терроризм мен экстремизмнің таралуы, қару-жарак пен есірткінің заңсыз саудасының артуы, заңсыз көші-қон, босқындардың жаппай қозғалысы, аймаққа деструктивті элементтердің енуі секілді мәселелерді кешенді түрде қарастыру керек екеніне назар аударған болатын. Сондықтан «Қаңтар қасіреті» бойынша қауіпсіздік саласына қатысты жұмыс алдағы уақытта халықаралық, аймақтық және БҰҰ жүйесіндегі өзге де ұйымдарда жан-жақты қаралып, талқыланып, қандай да бір нақты шешімдер қабылданары күмәнсіз. Өйткені, түрлі ғылыми-зерттеу институттар мен талдау орталықтары жасап, жариялап жүрген рейтингтер нақты жағдайды көрсете алмайды.

Мәселен, Австралиядағы Сидней университетінің басшылығы мен халықаралық сарапшылар тобы жасаған Терроризмнің ғаламдық индексі террорлық жағдайдың саны, қайтыс болғандар саны, зардап шегушілер саны, материалдық шығын көлемі сияқты негізгі 4 өлшеммен бағаланады. 2020 жылдың қараша айында жарияланған рейтинг бойынша Қазақстан 133 елдің арасынан 93-орында тұрды. Ауғанстан, Ирак, Нигерия, Сирия, Сомали бастаған тізімде АҚШ – 29, Ұлыбритания – 30, Франция – 38, Ресей – 39, Тәжікстан – 45, Қытай – 53, Қырғызстан – 92, Өзбекстан – 134, Беларусь пен Түрікменстан – 135 сатыға жайғасқан. Ал 2015 жылғы рейтингте Ирак, Ауғанстан, Нигерия бастаған тізімде Қытай – 22, Ресей – 23, Қазақстан – 83, Тәжікстан – 84, Қырғызстан – 86, Өзбекстан – 124 сатыдан көрінген болатын.

2021 жылдың қарашасында жарияланған Ұлыбританиядағы The Legatum Institute талдау орталығының Өркендеу индексында Қазақстан 167 елдің ішінен 64 орын алған еді. Экономика, кәсіпкерлік, басқару, білім, денсаулық, қауіпсіздік, жеке еркіндік, әлеуметтік капитал, экология сияқты өлшемдер бойынша жасалатын әлем елдерінің бұл рейтингінде көршілес Қытай – 54, Ресей – 70, Әзірбайжан – 86, Қырғызстан – 90, Өзбекстан – 100, Түрікменстан – 108, Тәжікстан – 110, Иран – 123 орында болды.

Сіз не дейсіз?



Кәкімжан БИШМАНОВ, Қазақстандағы лаңкестік және экстремизм мәселелерін зерттеу орталығының директоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің профессоры:

– Террорист дегеннің аяқ астынан шығып кеткенін бәріміз көрдік. 1-2 сағаттың ішінде бейбіт шеруден экстремизмге, одан терроризмге ауысты. Экстремизм деген бүлік шығару болса, терроризм – адам өлтіру. Терроризмнің алдына қойған өз мақсаты бар. Үрей тудыру, мемлекетке конституциялық өзгерістер жасап, үкіметті отставкаға жіберу деген сияқты.

2005 жылғы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заң қабылданған уақытта елдегі саяси жағдай басқа болды. Ол кезде терроризм мен экстремизм тек қоғамдық қауіпсіздік тұрғысынан ғана қаралды. Қазір олар әр салада бар. Мысалы, ұлттық қауіпсіздікті алатын болсақ оның 6 аспектісі бар.

Қоғамдық, ақпараттық, экологиялық, экономикалық, әскери және сыртқы қауіпсіздік. Сондықтан бүгінгі заман талабына сай олардың ұғымдарын дұрыстау керек.

Сайын БОРБАСОВ, саяси ғылымдар докторы, профессор:

– Президенттің 7 қаңтардағы үндеуінде айтылған «Алматыдағы 20 мың содырға» қатысты дерегі құзырлы органдардың есебінен шыққаны күмәнсіз. Әрине, Алматы әкімдігін басып алған 20 мың адамның бәрін бірдей содыр деуге болмайды. Оның көбі бейбіт тұрғындар. Лаңкес (террорист), содыр (боевик), бүлікші ұғымдарының ара-жігін көп адам әлі айыра алмайды. Менің ойымша, олардың жалпы саны шамамен 5-6 мың болуы мүмкін. Олардың арасында Қазақстанда дайындалған топтардың болғаны ақиқат. Діни топтағылар салафиттер мен уахабистер. Олардың Алматының маңында лазерлері болғаны да рас. Жалпы, діни экстремистердің қызмет әдісі терроризмге келеді. Бұлар халықты қорқытып, үркітіп, шошытып алып, содан кейін билікке келуге тырысты. Сондықтан діни экстремистер митингті пайдаланып террористік әрекетке көшіп, полиция бекеттері мен әкімдікті өртеп, құқық қорғау мекемелерінің қызметкерлерін өлтірді.

Жалпы, терроризмнің шығуы әр жағдайда әрқилы. Бірі талап қойып шықса, екіншісі талап қоймай шығады, кейбіреулері ақша алу үшін болса, тағы бірі өзінің жақтастарын түрмеден шығаруды көздейді дегендей. Экстремистер қатарында болғандардың кейбірі арнайы дайындалды. Бұлар негізінен ауылдан келген, тұрақты жұмысы жоқ, зайырлы қоғамның білімін алмаған азаматтар. Олардың көбі лаңкестікке қарсы операция басталған соң жасырынғы қалды. Әлі де әрекеттерге баруы мүмкін. Сондықтан бізге сақ болу керек. Әрекетке барған адамдарды табудың әдісі көп. Соның бірі олардың дайындалған лагерлерінде түскен және өз лидерлерінің маңайына топтасқан суреттері арқылы табу. Еліміздегі лаңкестер мен экстремистерді тауып, анықтау үшін бізде мамандар жеткілікті. Терроризмді зерттеушілердің бірі саналатын Еран Қариннің Мемлекеттік ташты болып тағайындалуының өзі көңілге үлкен үміт отын жағады.



Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ЖУРНАЛИСТЕР
ҚАУІПТЕН
ҚОРҒАЛМАҒАН

базарының қасында болған наразылық жайлы хабар таратқан еді. Полицейлер журналисті не үшін ұстағанын түсіндірмей, төрт сағаттан кейін ғана адвокаттың араласуымен босатқан. Алматыдағы да «Азаттық» радиосының жетекшісі Қасым Аманжол да бір жарым сағаттан кейін босаған. Таразда «Время» газетінің тілшісі Айжан Өуелбекова рұқсат етілмеген митинг жайлы жазғаны үшін ұсталып, үш сағатын аудандық полиция бөлімінде өткізуге мәжбүр болған.

Бірқатар бұқаралық ақпарат құралдары ғимаратына қарақшылық жасалып, өртелгені белгілі. Басбұзарлар Алматы қаласындағы «МИР», «Қазақстан», «Хабар» және «КТК» телеарналарына шабуыл жасады. Ғимараттарда қызметкерлердің зардап шекпегені – дәтке қуат.

Кәсіби міндетін атқару кезінде жаракат алған әріптестеріміз де бар. Алматы әкімдігіне жасалған шабуыл жайлы хабар беріп тұрған сәтінде Orda.kz порталының тілшілері Бек Байтас пен Леонид Разумов жеңіл жараланыпты. Бек Байтастың жарықты-шулы гранат бетін сызып кетсе, Леонид Разумовтың арқасынан резеңке оқ тиген.

Журналистерге шабуыл Алматыда 5 қаңтар күні түстен кейін басталған. Шерушілердің кейбірі оларға айбат шегіп, «Пресса» деген жазуы бар арнайы желеттерін шешіп алған. Осындай жағдайға Алматы қаласының Төле би-Наурызбай көшелері аумағынан оқиғаны түсіріп тұрған КазТАГ-тың екі тілшісі де ұшырады. Шерушілер өздерінің полицейлерге тас лақтырғанын түсіруіне қарсылық танытқан. Олар бейнекамераны тартып алып, сындырып

Аймақтарда да көптеген журналистерге кәсіби міндетін атқару барысында кедергі жасалды. Мәселен, «Ақ жайық» газетінің тілшісі Фархад Әбіловке шерушілерді түсіріп жатқан кезінде сақалы бар ашулы адамдар келіп, тілдеп, ұрып, телефонын лақтырмақшы болып, түсіруді тоқтатуды талап еткен. Оралда журналист Лұқпан Ахмедияров рұқсат етілмеген митингке қатысқаны үшін айыпталып, 10 тәулікке қамалды. Ол да бұл шеруге қатысу үшін емес, одан хабар тарату үшін барған. Шерушілер арасында әкімшілік ғимаратты сындырып, құртуға шақыру басталғанда ол азамат ретінде арандатушыларға ермеуге үндеген. Онысын смартфонға жазып үлгерген. Өкінішке қарай, сот мұның ешқайсысын назарға алмады.

Ал, Ақтөбеде 9 қаңтар күні полицейлер Orda.kz порталының тілшісі Ақдар Ерубаеваның үйіне тінту жүргізіп, өзін облыстық полиция департаментіне алып кеткен. Онда журналисті әлеуметтік желідегі жазбалары үшін тергеп, екі сағаттан кейін, ешқандай шара қолданбай үйіне әкеп тастапты. Бүгінгі таңда ол қызмет істейтін аталмыш порталдың бұғатталғаны белгілі болып отыр.

Осыған орай «КазТАГ» журналистері Үкіметке үндеу тастады. Олар БАҚ құралдарын бұғаттау, журналистердің ізіне түсу жаңа тартыстар мен әділетсіздіктерге алып келетінін, өйткені журналистер қоғам мен биліктің арасындағы көпір екенін айтуда. Сонымен қатар, үндеуде БАҚ – азаматтардың мұң-мұқтажын билікке жеткізудің жалғыз мүмкіндігі екенін, БАҚ-тың ойлар мен ұсыныстарды білдіретін жа-

Осы деректердің барлығы төтенше жағдайда кәсіби міндетін атқарған журналистердің қауіп-қатерден қорғалмағанын көрсетеді. Белгілі журналист Сейітказы Матай бізге айтқан пікірінде бұл жағдайды заң талаптарының сақталмауы деп атап көрсетті. Елімізде сөз бостандығы, демократия болса да, оған заңнама толықтай кепілдік берсе де журналистер үшін болған оқиға жайлы жазу, тарату жалалы етеді, бостандығын шектеп, тіпті өміріне қауіп төндіреді. Сондықтан «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау қорының сарапшысы Ғалия Әженова айтқандай, журналистер қандай жағдайда болмасын бірінші кезекте өз жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек. Олардың хабар тарататын орны, құралдары да жұмыс бабында болып, материалдарының қолды болмау мүмкіндігі жан-жақты қақастырылуы тиіс. Антивирус бағдарламасы да қол астында болып, оның жоқтығынан туатын келенсіздіктер журналистің шұғыл ақпарат таратуына кедергі келтірмеуі тиіс. Егер өміріне қауіп төнген жағдайда бірден сенімді адамдарына хабар беру, шабуыл жасалатыны белгілі болған жағдайда арнайы желеттерін шешіп, көптің ішіне сіңіп кетуге тырысу олардың қауіпсіздігіне белгілі деңгейде септігін тигізеді. Қауіп-қатерден ешкім де сақтандырылмаған.

Әрине, ең бастысы төртінші билік өкілдеріне билік тарапынан берілетін кепілдіктің маңызы зор. Бұл қоғамдағы халық пен биліктің бір-бірін естіп, жалған ақпараттың тарамуына ықпал етеді.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА, «Заң газеті»

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ҚАЗА БОЛҒАНДАР
САНЫ – 225

Қазақстанда төтенше жағдай кезінде 225 адам мәйітханаға жеткізілген. Бас прокуратура мен Денсаулық сақтау министрлігі ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында Қазақстанның қалаларында болған қайғылы оқиғалар кезінде зардап шеккендер мен қаза болғандардың саны туралы ресми мәлімдеме жасады.

Бас прокуратураның қылмыстық қудалау қызметінің бастығы Серік Шалабаевтың айтуынша, елдегі тәртіпсіздік кезінде жалпы 4578 адам зардап шеккен, оның ішінде 4553 адам жаракат алған. Оның 3393-і құқық қорғау органдарының қызметкерлері.

«Бүгінгі таңда 4578 жәбірленуші анықталды, 4353-і жараланды, оның ішінде 3393 құқық қорғау органдарының қызметкері. ТЖ кезінде қаза тапқан 225 адам мәйітханаларға жеткізілді. Олардың бір бөлігі терактілерге қатысқан, ғимараттар мен құқық қорғау қызметкерлеріне шабуыл жасағандар. Қаза болғандардың ішінде 19 полиция және әскер қызметкері бар», – деді ол ОКҚ брифингінде.

Ведомство өкілдері бұл алдын ала деректер екенін атап өтті. Олар әлі де нақтыланады және өзгеруі мүмкін. Қылмыс жасады деген күдікпен 672 адам уақытша ұстау изоляторына жеткізілді, оның ішінде 446-сы сот санк-

циясымен қамауға алынды. Құжаттарды тексергеннен кейін 100-ге жуық адам босатылды.

Бас прокуратура әр фактіге тиісті құқықтық баға беру арқылы мұқият зерттелетінін мәлімдеді. Бүгінгі таңда жедел тергеу топтары 546 қылмыстық істі тергеуде, оның ішінде 44 – терроризм актілері, 34 – жаппай тәртіпсіздік, 15-і адам өлтіру және басқа істер бойынша.

Денсаулық сақтау министрлігінің қоғаммен байланыс департаментінің директоры Әсел Артақшинованың мәліметінше, төтенше жағдай кезінде 2,6 мыңнан астам адам медициналық көмекке жүгінген. «265 адам ауруханаларда. Оның 67-сі ауыр халде. Моргке жеткізілген 225 науқастың 175-і медициналық ұйымдарда қайтыс болды», – деді ДСМ өкілі.

ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі

МІНБЕР

Тәуелсіздіктің отыз жылында сот жүйесінде жаңа реформалар үздіксіз жалғасты. Заман талабына сай заңдар жетілдіріліп, толықтырылды. Бүгінгі күні сот жүйесінің алдында азаматтық іс жүргізу заңнамасын одан әрі жетілдіру, татуластыру рәсімдерін қолдану саласын кеңейту мәселесі тұр. Себебі, ел ішінде дау көп, дауды шешеміз деп сотқа жүгінген азаматтар да жеткілікті. Бұл ретте халық арасында туындайтын дау-жанжалдарды сотқа жеткізбей, одан тыс реттеу мәселесі аса маңызды.

Осы мақсатта, өткен жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру, дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданған болатын. Аталған жаңашылдықпен жаңа жылдан бастап жұмыс істеуді бастап та кеттік. Оның негізінде төмендегі 6 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, олар: Азаматтық процестік кодекс; Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекс; «Медиация туралы» заң; «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заң; «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заң және «Нотариат туралы» заң.

Заңдағы негізгі өзгерістер

Жалпы, заңды екі негізгі бөлімге бөлуге болады. Бірінші бөлім – дауларды сотқа дейін және соттан тыс реттеуді дамытуға, екінші бөлім – азаматтық іс жүргізу заңнамасын одан әрі жетілдіруге бағытталған. Бірінші бөлім бойынша токталсақ, елімізде медиаторлар кәсіби және қоғамдық негізде жұмыс істейді. Тәжірибеге сәйкес, ірі қалалар кәсіби медиацияның орталығына айналуда, ал ауылдарда қоғамдық медиация дамуда. Негізінен кәсіби медиация онша ауыр емес және ауырлығы орташа құлмыстар – бұзақылық, ұрлық, алаяқтық, озбырлық, жол қозғалысы ережелерін бұзу, абайсызда болған жағдайларда қолданылады. Айыпталушы мен жабірленуші арасындағы екі тарапты да қа-



ДАУЛАСАТЫН, СОТТАСАТЫН
КЕЗ ЕМЕС

нағаттандыратын медиативтік келісім азаматты әрі қарай құқық қорғау орган-дарына беруді тоқтатуға негіз. Осыған сәйкес заңдағы негізгі өзгерістер:

1. Заң уәкілетті органның құзыретін айқындады. Үкіметтің қаулысы-на сәйкес Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі медиация саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Министрлік тарапы-нан нақты ұйымдастыру шаралары қажет.
2. Медиаторлар ұйымдарының негізгі функциялары айқындалып, медиатордың құқықтары мен міндеттері нақтыланды.
3. Медиация тәртібі мен тәсілдері кеңейтілді. Енді, онлайн-медиативтік келісім жүргізуге болады.
4. Сот актісін орындау сатысында және әкімшілік сот ісін жүргізу барысында жүргізілетін медиацияның ерекшеліктері айқындалды.
5. Жария-құқықтық даулар бойынша Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске сәйкес медиативтік келісім жасау мүмкіндігі көзделген.

6. Заңға сәйкес енді алимент төлеу туралы келісімді – медиаторлар, адво-каттар, заң кеңесшілері толтыра алады. Бұған дейін тек нотариус жүзеге асы-рып келді.

7. Аудан әкімдері қоғамдық меди-аторлардың тізілімін жүргізеді, олар жергілікті жерлерде осы институттың потенциалын толыққанды қолдануы қажет.

«Үлгілі сот шешімі»

Екінші бөлім – азаматтық іс жүргізу заңнамасы бойынша. Біріншіден, «Үл-гілі сот шешімі» институты енгізіледі. Жоғары тұрған сотқа тараптардың келісімімен көптеген ұқсас және бірте-тес істердің бірін талап ету, қабылдау, бірінші сатыдағы соттың ережелері бой-ынша қарау және ол бойынша үлгі бо-латын шешім шығару құқығы беріледі. Егер сот іс бойынша жағдайды басқаша деп санаса, басқа шешім қабылдайды. Үлгілі шешім тараптардың келісімімен ғана мүмкін болады. Бұл норма, әлемдік

тәжірибеде – сот практикасының бір-келкілігін орнатуға мүмкіндік береді. Ендігі жерде екі тараптың келісімімен экстерриториялық соттылықты таңдау құқығын береді.

Ақпараттық жүйе істі бір соттың ішінде емес, мамандандыруды ескере отырып, автоматты түрде елдің сол уақытқа жүктемесі аз кез келген соты-на қарауға жібереді, норма сыбайлас жемқорлық элементтерін де азайтады деп санаймыз.

Өзгерістердің бірі – биылдан бастап Азаматтық процестік кодекстегі талап қою. Талап қою арызы деген ұғым бір ұғымға, бір сөзге – талап қою деп ай-шықталады. Талап қоюшы, жауапкер, сонымен қатар бұйрық өндірісі бо-йынша өндіріп алушы мен борышкер деген ұғым болатын, ал қазіргі таңда

көтерлігі, сотқа дейінгі хаттамамен та-туласу үшін ешқандай айыппұлдар мен әкімшілік жазалар қажет емес. Барлығы Азаматтық процестік кодекстің 73, 150, 174-бабтарында анық жазылған. Бұдан былай тараптар өз құқықтарымен таны-сып, сотсыз да әрі қарай келісім жасау үшін адвокатқа не медиаторға жүгіне алады. Талап қоюшы талап қою арыз-дарын қайтару туралы өтінішпен тек сотқа жүгіне алады.

Рухани жеңіс –
нағыз жеңіс

Қазір дауласып, уақыт пен қаражат жоғалтатын заман емес. Өз құқығыңды қорғау үшін заң мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білу керек. Бұл өзгерістер

тек талап қоюшы мен жауапкер ұғымы ғана қалдырылды. Бұл да дұрыс шығар, себебі борышкер деп тұлғаның алдын ала статусын анықтаған негізсіз, мүм-кін бұйрық шығарудан бас тартылатын шығар.

Сотқа дейінгі хаттама

Азаматтық процестік кодекске сотқа дейінгі хаттама деген жаңа ұғым ен-гізілді. Бұл туралы толығырақ тоқталып кеткім келеді. Сотқа дейінгі хаттама еркін нысанда толтырылады. Хаттама-да тараптар дерегі және даудың мәні қамтылады. Содан кейін талап қоюшы жауапкерге ашатын және ұсынатын дәлелдемелер туралы бағанды толты-рады. Өз кезегінде жауапкер де өзінің дәлелдері туралы бағанды толтырады. Тараптар дауды шешудің өзіндік нұсқа-сын ұсынады. Қалғаны медиатор, адво-кат, татуластырушы судьяның жұмысы. Алдағы уақытта хаттама күнделікті жинақталған тәжірибелер негізінде толықтырылуы мүмкін. Тағы бір айта

елдегі көптеген маңызды мәселелерді оңтайлы шешіп, әлеуметтік-экономи-калық дамуымызда үлкен жетістік-терге қол жеткізуге жол ашады. Қазақ қоғамындағы сот процесінің басты мақсатының өзі бітімге келу, бітімгер-шілік болатын, яғни дауласушы немесе араздасушы тараптарды жұрт алдында бітімге келтіру. Бұл қазақ қоғамының өмірлік құқықтық қағидасы болды десек қателеспейміз. Өйткені, қазақ халқы үшін сотта жеңіп немесе жеңіліп шығу емес, рухани жеңілдеп шығу қол жеткізілген әлдеқайда биік жеңіс деп танылған. Сондықтан бабалардан қалған бітімге келу мұрасының қазіргі таңда әлемдік үлгіге айналғаны біздер үшін мақтаныш. Енді сол сара жолды жаңғырттық, ал ары қарай дала заны мен қала заңының арасындағы үй-лесімділікті таба біліп, жүзеге асыру біздің парызымыз.

Гүлажар БАҚЫТЖАНОВА,
Маңғыстау облыстық сотының
Азаматтық істер жөніндегі сот
алқасының төрағасы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ЖАҢА БОСАНҒАН ӘЙЕЛДІҢ КЕЛІСІМІНСІЗ
НЕКЕНІ БҰЗУҒА БОЛМАЙДЫ

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексе некені тоқтату тәртібін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акт болып табылады. Кодекстің 16-бабына сәйкес, ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің өтініші бойын-ша және сот әрекетке қабілетсіз деп таныған жұбайының (зайыбының) қорғанысының өтініші бойынша неке бұзу жүзеге асырылады.

Некені екі жолмен – Азаматтық хал актілерін тіркеу органында (одан әрі тіркеуші орган) немесе сот арқылы бұзуға болады. Кәмелетке толмаған ортақ баласы жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша некені бұзу бір-біріне мүліктік және өзге де талап-тар болмаған кезде тіркеуші органда жүргізіледі. Бұл ретте, кәмелетке тол-маған балаларының болуына немесе болмауына қарамастан, егер ерлі-за-йыптылардың бірін сот хабар-ошарсыз кетті деп таныса, әрекет қабілеті шек-теулі не әрекетке қабілетсіз деп таныса, сондай-ақ, егер қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостан-дығынан айырумен сотталған болса тіркеуші органда некені бұзуға болады.

Ал, ерлі-зайыптылардың кәмелет-ке толмаған ортақ балалары болған; ерлі-зайыптылардың біреуінің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға келісімі болмаған; егер ерлі-зайыптылардың бірінің қарсылығы болмауына қара-мастан, өзінің іс-әрекетімен не әрекет-сіздігімен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарған; ерлі-зайыптылар-дың бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болған жағдайда ажырасу сот тәртібінде жүргізіледі.

Бұдан басқа, тараптардың біріне сотқа талап арызбен жүгінер алдында, төменде келтірілген ұсынымдарды білу қажет. Жалпы, неке бұзу туралы талап арыз Азаматтық процестік кодекстің 148-бабының талабына сай болуы тиіс.

Онда: некенің қашан, қайда тіркелгені, ортақ балалары бар ма, олардың жасы, ерлі-зайыптылар кәмелетке толмаған балаларының қайсысы кіммен бірге тұратыны туралы келісімге келді ме, балаларды және еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайын асырауға арналған қаржыны төлеу тәртібі туралы, оған жұмсалатын қаражат мөлшері туралы немесе ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы, некені бұзу кезін-де оны бұзуға өзара келісім болмаған жағдайда оны бұзудың себептері, некені бұзу туралы талаппен бірге басқа да талаптардың қойылған-қойылмағаны көрсетіледі. Арызға неке кию туралы



куәліктің түпнұсқасы, балалардың туу туралы куәліктердің көшірмесі, еңбе-кақы және ерлі-зайыптылардың кіріс әкелетін басқа да табыс көзі туралы құжаттар, басқа да қажетті құжаттар қоса тіркеледі. Талап қою арызы элек-трондық форматта берілген кезде неке кию туралы куәліктің түпнұсқасы сотқа талап қою арызы соттың іс жүргізуіне қабылданғанға дейін ұсынылуы тиіс. Куәліктің түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда арыз қайтарылуға жатады.

Кодекстің 16-бабының 2-тармағына сәйкес әйелдің жүктілігі кезінде және бала туғаннан кейін бір жыл өткен уақытқа дейін әйелінің келісімінсіз некені бұзу туралы күйеудің талабын қанағаттандыруға болмайды. Бірақ, аталған шектеу бала өлі туған неме-се бір жылға жетпей шетінеп кеткен жағдайларда қолданылмайды.

Ерлі-зайыптылардың біреуі өзінің қарсылығының болмауына қарамастан, некені бұзудан жалтарған жағдайды, мысалы, некені бұзу туралы бірлескен арыз не жеке арыз беруден бас тартса, оның бірлескен арыз беру үшін тіркеуші органға жеке өзінің келуіне мүмкіндігі

болмаса, сондай-ақ ол арыз берілгеннен кейін бір ай өткен сот тіркеуші органға қайта келмесе неке сот тәртібімен бұ-зылады. Бұл жағдайда талап қоюшы жауапкердің некені тіркеуші органда бұзудан жалтарғанын куәландыратын дәлелдемелерді талап қою арызына қоса беруге міндетті.

Әлия АСАНОВА,
Павлодар қалалық сотының
судьясы

БІТІМ



КЕШІРІМ ЖАСАУ –
КЕҢДІК

«Кешірім жасау – кеңдік, кешіре алмау – кемдік» дейді бабаларымыз. Қазақтың дала заңдарына көз салғанда ел арасындағы кез келген дауды ұшықтырмай, өзара татулықпен шешуді көздеген кеңдігіне, кемелдігіне көз жеткізесіз. Ұрыстың – ырыстан қағып, ынтымақтан айыратынын білген халықтың ұрпағын кешірімді болуға тәрбиелеуінің сыры осында.

Бүгінде біздің елімізде қазақтың бітімгершілік дәстүрін жаңғыртуға батыл қадам жасалауда. Дауды татуластыру рәсімдерін қолдана отырып рет-теуді көздейтін «Медиация туралы» заңның қабылданғанына да он жылдан аса уақыт өтті. Осы аралықта медиацияның қолданысы барынша кеңейді. Бітімге келудің артықшылығын, татуласудың тиімді екенін насихаттауда қазақстандық сот саласы ауқымды жұмыстар атқарды. Медиаторларды таныстыруда, аймақтағы беделді, танымал азаматтарды медиаторлыққа тартуда сот қызметкерлерінің үлесі өлшеусіз. Ауыл ішіндегі татулық пен тыныштықты сақтауда аға буынның ықпалының азайып кеткені ешкімге жасырын емес. Ал бұрын тектекті тезге салу осы ауыл ақсақалдарының ісі еді. Осыған орай жер-жерлерде Билер кеңесін құрып, ақсақалдар алқасы-ның беделін арттыруда да ауқымды істер атқарылды. Соның нәтижесінде кейінгі жылдары Билер кеңесінің араласуымен бітімге келіп, дауын бейбіт түрде шешіп жатқандар шоғыры қалын.

Жоғарғы Сот тарапынан да бітімгершілікті дамыту мақсатында түрлі жоба, бастамалар жүзеге асырылуда. Осы ретте сот төрелігінің жеті түйіні бағдарламасы бойынша қолға алынған «Татуластыру: сотқа дейін, сотта» жобасының нәтижесі жоғары. Бұл жобаның шеңберінде судьялар қауымы медиацияның маңызы мен бітімге келудің әліппесін жұртшылыққа жан-жақты түсіндірді. Сонымен бірге, әрбір судья істі қарамас бұрын тараптарға дауды бітіммен, татуластыру рәсімдерін қолдана отырып шешуге болатыны жөнінде ақпарат беруге міндетті. Таңдау, әрине, тараптарда. Дегенмен, уақытын, қаржысын, жүйкесін ойлаған азаматтардың көбі сөзге тоқтап, дауды бітіммен бітіруге тырысып жатады. Осындайда «Дау қуған пәлеге жолығады» деген бабалар сөзін жадымыздан шығармағанымыз ләзім. Өйткені, келіспеушілікті керісіп, кетісіп бітіргеннен, келісіп, кешіріммен реттеген тиімді.

М.ОҢЛАСОВ,
Түркістан облысы мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

– Азат Тұрдыбекұлы, Мемлекет басшысының мәлімдемесінде шетелдік инвесторлар алдына нақты міндет қойылды. Бұл олардың еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты жауапкершілігін арттырады деп ойлайсыз ба?

– Президент өзінің баяндамасында елімізде орын алған көптеген түйткілді мәселелерді қамтып, оларды шешудің нақты жолдарын атап көрсетті. Менің көңілімнен шыққаны – Мемлекет басшысы айтқан мәселелердің дені тікелей экономикамен тығыз байланысты болды. Негізінде халықты алаңға итермелеп, соны қайғылы оқиғаға айналған бұл жағдайға экономикамыздағы кері кетушілік себеп болғаны анық. Расында қаншама бағдарлама қабылданса да, бұл сала әлі шикізатқа тәуелділіктен арыла алмай келеді. Отандық өнім өндіру ісі тұралап тұр. Бұл сәйкесінше жұмыссыздықтың да етек алуына ықпал етіп отыр. Экономиканы әр тараптандыру мақсатында жасалған бағдарламалар жүзеге асса барлық мәселе шешімін табар еді. Алайда оның бәрі қағаз жүзінде қалды. Енді міне осының бәрі жұмыссыздық, үйсіздік, үмітсіздік, шарасыздыққа алып келді.

Тоқаев мырза осыны дұрыс зерделеп, әлеуметтік проблемаларды экономиканы дамыту арқылы шешуді ұсынды. Соның ішінде мәселен, жұмыс орындарын ашуға айрықша назар аударды. Бұл ретте шағын бизнеске қолдау көрсетудің маңызын айрықша атап көрсетті. Соның ішінде бұрын айтылмаған тапсырмалар болды. Ол сіз айтып отырған ірі-ірі жер қойнауын, яғни табиғи байлығымызды игеріп жатқан инвесторларды біздің экономикамызды көтеруге тарту мәселесі. Бұл өте орынды және өте әділетті қойылған талап. Яғни, олар енді тек салық төлеп қана қоймай, біздің экономикамыздың технологиялық дамуына атсалысып, жергілікті кәсіпкерлермен бірігіп жұмыс істеп, отандық өндірістер шығаратын өнімді сатып алуға басымдық беруі керек.

Бұған дейін жергілікті органдар шетелдік инвесторларға тиіспей, оларды мүлде мазаламауға тырысқан болатын. Былтыр ғана Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын атап өтсек, осы уақыт ішінде бұл компаниялар өз шығындарын әлдеқашан ақтады. Енді олар ары қарай жергілікті кәсіпкерлермен серіктес болып, тек өзінің қалтасын ғана ойламай, өздері табыс тауып жатқан елдегі халықтың әл-ауқатын арттыруға да мүдделі болу керек. Бұл талап қатаң түрде қойылу тиіс.

– Мемлекет басшысының квазимемлекеттік компанияларға қатысты айтқан сыны да көптің көкейінен шықты. Расында осы ұйымдардың немен айналысатынын жан-жақты зерттеу керек. Бұл талап қатаң түрде қойылу тиіс.

– Иә, квазимемлекеттік компаниялар туралы да әділін айтты. Расында Самұрық-Қазына, ҚазАгро сынды компаниялар жұмысының тиімділігі қаншалықты деңгейде, олар экономикамызға не беріп жатыр? Мемлекет басшысы айтқандай осы мәселе жан-жақты зерделеніп, тиімді тұстары күшейтіліп, пайдасыз болса таратылуы тиіс. Сол сияқты Қазақстан даму банкі туралы ашы болса да шыныдақ айтылды. Жасыратыны жоқ, бұл құрылым олигархтардың жақын-жұрағатының,



Азат ПЕРУАШЕВ, Парламент Мәжілісінің депутаты:

«ПАРЛАМЕНТАРИЗМ ИНСТИТУТЫН ЕНГІЗУ МАҢЫЗДЫ»

достарының жеке ұйымы болып кетті. Нақтырақ айтар болсақ, бұл банктен тек туыстарға, достарға ғана жеңілдетілген несие беріледі де, басқаларға жоғары пайыз қосылады.

Жалпы, квазимемлекеттік сектор ұйымдары – Байтерек, КазАгро, Самұрық-Қазына, өзге де осы сияқты компаниялардың мемлекеттен талай миллиардтап ақша алғаннан өзге пайдасы жоқ. Ең бергісі олар осынша ресурсты пайдаланып, нарықтағы жекеменшік кәсіпкерлердің еркін жұмыс істеуіне мүмкіндік бермей, оларды басып-жаншуда. Олар бұл алаңда шағын және орта бизнес секторы төтеп бере алмайтын бәсеке тудырды. Соның салдарынан біздің экономикамыз кері кетіп отыр. Осы квазимемлекеттік ұйымдар қалыптастырған монополизация бүкіл проблеманың көзі. Мысалы газ бағасының көтерілуі – соның бір салдары. Ал жалпы, экономиканың қай саласын алсақ та бәрінің қожайындары бар. Шағын және орта бизнес мұндай бәсекелестікті көтере алмай, аяғында банкротқа ұшырауда. Банкртерден алған несиеден төлей алмай, қарыз болып қалып отыр. Сондықтан Тоқаев мырзаның квазимемлекеттік компанияларға қатысты берген тапсырмасы экономиканы көтерудің ғана емес, қоғамды екі-

ге жарып отырған әлеуметтік теңсіздікті жоюдың бір жолы. Квазимемлекеттік компанияларға бөлініп отырған миллиардтаған қаржы кәсіпкерлікті қолдауға, экономиканы әртараптандыруға тартылуы керек.

– Президент сөзіне сүйенсек, саяси реформаның ауылы да алыс емес сияқты. Сіздіңше бұл шара қоғамдағы өзекті мәселелерді шешу үшін қай бағытта жүргені дұрыс?

– Иә, Президент мырзаның тағы бір айтқан мәселесі биылғы жылдың қыркүйек айына дейін саяси реформа пакетін дайындау қажеттігі болды. Бұған біз де өз үлесімізді қосамыз. «Ақ жол» саяси-демократиялық партиясының бағдарламасында саяси реформаға қатысты нақты ұсыныстар қамтылған. Олардың бірі саяси жүйеге парламентаризм институтын енгізу. Бізде қазір үкімет тағайындалғаннан кейін бірден жұмысқа кіріседі. Бұл дұрыс емес. Негізінде әлемдік тәжірибе бойынша жаңа үкімет бір ай ішінде өз бағдарламасын дайындап, оны Парламентте қорғау керек. Парламент өз кезегінде ұсыныстарын, кеңестерін беріп, бұл құжаттың кем-кетік тұстарын толықтырып, жетілдіруі керек. Жалпы, «Кеңесіп

пішкен тон келте болмас» дегендей, үкімет кез келген әлеуметтік-экономикалық маңызды мәселеде Парламентке жүгініп, ондағы әр саланың тәжірибелі мамандарынан құрылған депутаттық корпусының ұсыныс-пікірлерін ескеріп отырған дұрыс. Өкінішке қарай, атқарушы билік бізге тек бюджет жобасын бекіту мақсатында ғана жүгінеді. Сонымен қатар, бюджеттің атқарылу барысы жайлы есеп береді. Онда тек межеленген көрсеткіштер назарға ұсынылады. Яғни, қаржының игерілу деңгейін ғана талқылаймыз. Негізінде біз үкіметтің бағдарлама бойынша көздеген мақсаттарын орындады ма, бөлінген қаржы қандай нәтижеге жеткізді, оның тиімділігі қандай болды, соған баға беруіміз керек. Мысалы денсаулық сақтау саласында қандай аурулар азайды, қанша адамға ота жасалып, сауықты деген көрсеткіштер саралануы керек. Яғни, Парламент бюджеттік көрсеткіштер емес, нақты әлеуметтік-экономикалық нәтижелерге қарап баға беруі керек. Сол себептен, Үкімет біздің ойымызша Парламентке келіп тек бюджетті ғана емес, іс-қимыл бағдарламасын қорғау керек. Содан соң оны бекітіп, қайтадан Парламентке келіп, оның атқарылуы туралы есеп беру керек. Осы және саяси партиялар мен сайлауға байланысты да тағы да бірқатар ұсыныстарымыз бар.

– Жалпы қаржы бақылауын күшейту керек пе?

– Иә, қаржы саласында бақылауды күшейту қажет. Елде бюджет ашықтығын қамтамасыз ету маңызды. Себебі, кейбір адамдардың қалай байып жатқанын білмей отырмыз. Бюджет ашық болатын жүйе құру керек. Бүгінде бюджеттегі қомақты қаржы қоғамдық бақылаудан тыс ұлттық компаниялар, квазимемлекеттік сектордың шоттарында жатыр. Олардың бюджетін ешкім қарап отыр, бекітпейді. Негізінде квазимемлекеттік ұйымдар бұл қаржыны ата-бабасынан мұраға алған жоқ. Бәрі де мемлекет меншігі. Алайда олар ақшаны қалай жұмсау керегін өздері шешіп отыр. Президенттің, ұлттық компаниялар табысының 50 пайызын бюджетке түсіруі керек – деген тапсырмасын орындамай отыр. Тәртіп бойынша ұлттық компаниялардың табысы бюджетке түсуі керек. Кейін олар қанша қаражаттың қайда жұмсалатынын Парламентте дәлелдеп алуы керек. Бюджет қаржысының басым бөлігі табиғи ресурстарды сатудан түскен қаржының да қалай жұмсалып жатқаны белгісіз. Жалпы парламентаризм институтын енгізу саяси жүйеге қатысты болмауы мүмкін. Бірақ бұл өзгеріс бюджет ашықтығын қамтамасыз ету үшін қажет. Себебі, бізде біреулер байып жатыр. Олардың қалай байып жатқанын білмей отырмыз.

Бұл саланы ретке келтіруіміз керек. Мұның бір жолы Парламент құзыретін кеңейту.

– Қоғам тарапынан Парламентке қатысты да реформалар жасалу қажеттігі айтылуда. Бұл мәселедегі ойыңыз қандай?

– Соңғы шақырылған Парламент он жыл ішінде өткен еліміздегі ең ашық әрі әділ сайлау нәтижесінде жасакталды. Сондықтан, қайтадан сайлау өткізуді қажет деп санамаймын. Оның үстіне бұл қазіргі жағдайда қаржылық шығынмен қатар, Президент мәлімдемесінде көтерілген мәселелерді заңдармен қамтамасыз ету ісіне кедергі келтіретін шара болмақ. Сондықтан, Парламенттің жұмысын тоқтатпау керек. Меніңше бұл ретте Парламенттің Үкіметпен, атқару органдарымен қарым-қатынастарын жетілдіріп, ширату басты мәселе. Тағы да айтамын, Президент алға қойған әлеуметтік саяси реформаларды жүзеге асыру үшін Парламенттің құзыретін күшейту керек.

– Жалпы, осы елдің басына сынақ түскен қиын сәтте депутаттарды халық таппай қалды. Әріптестеріңіздің бірі бұл сәтте бюджет қараумен айналысқандарын айтты. Десе де, күн сайын 24 сағат бойы заң қараумен айналысқан боларсыздар?

– Үнсіз қалған жоқпыз. Жаңа жылдан бастап жұмыста болдық. Жаңа-өзенде сол аймақтан сайланған депутаттарымыз жұмыс істеді. Алаңға барып, жұртшылықтың талап-тілегін естіп, Мемлекеттік комиссияға жеткізіп жүрді. Екі-үш күннен кейін арандатушылық орын алған соң ол жаққа баратын көліктер тоқтатылып, ешқайда шыға алмай қалдық. Өзім партия жетекшісі ретінде өңірлердегі филиал жетекшілерімен онлайн тәртібінде жүздесіп, жағдайға орай тапсырмалар беріп отырдым. Мәселен, 4 қаңтарда өткен бейнеконференцияда Маңғыстаудағы жағдайды талқылап, кеңестік.

– Сіздіңше Ұжымдық шарт ұйымының әскеріне иеліктен қажеттілік туды? Шын мәнінде біздің өзіміздің де әскеріміз жеткілікті еді ғой.

– Бұл тұрғыда нақты пікір айту қиын. Оның бәрін тергеу анықтай жатар. Президенттің мәлімдемесінен түйгеніміз кейбір өңірлердегі құқық қорғаушылар мен әскерлер қауқарсыз болған сияқты, тіпті жұмыс орнын тастап кеткендері бар екен. Жалпы, мұндай жағдай бірінші рет орын алып отыр. Сондықтан тәжірибесіздіктің де салдары болуы мүмкін. Енді мұның анық-қанығын тиісті орындар анықтайды. Біздің түсінігеніміз, әскери қауіпсіздікті күшейтіп, бұл саланы барынша дамытып, жетілдіруіміз керек. Осы күндер «Жау жоқ деме жар астында, бөрі жоқ деме бөрік астында» деген халық даналығының растығына көз жеткізді. Сондықтан қашанда елімізді, оның бейбіт тұрғындарын, халықтың игілігін қорғауға сақайдай сай болуымыз керек. Мемлекет басшысы бұл тұрғыда да нақты тапсырмалар берді. Алдағы уақытта құзырлы орындар оларды орындауға кіріседі деп ойлаймын.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

Медиацация «Медиацация туралы» заңда және Азаматтық процесік кодексте белгіленген ерекшеліктерге сәйкес өткізіледі. Сот тараптардың өтініш хаты бойынша медиацация рәсімін белгіленген мерзім шегінде кейінге қалдыруға және егер басқа тұлғалардың қатысуы дауды реттеуіне ықпал етсе, оларды медиацацияға шақыруға құқылы.

Медиацация қызметінің тиімді жағына көз салсақ, бұл қызмет ең алдымен қоғамды ізгілендіруге жол ашады. Мәселен, медиаторлар кінәлі немесе кінәсізді іздемейді. Ол тек тартысушы тараптарды өзара ынғайлы шешім қабылдауға бағыттады. Ал мұндай жолмен түзілген келісім тараптар арасындағы байланысты одан әрі сақтауға, олардың өзара сыйластығын нығайтуға септігін тигізеді. Қазір аудандық сотта арнайы медиацация кабинеті бар. Онда іс жүргізуге қажетті барлық жағдай қарастырылған. Тағы бір атап өтетін жайт, кейбір қылмыстық істер де медиацацияның көмегімен шешіліп жатыр. Мәселен 2021 жылдың 12 айында аудандық сот залында 69 іс медиацация тәртібімен қысқартылды. Ал сотқа дейін тараптарды татуластыру

негізінде 45 іс сот отырысына жетпей тоқтатылған.

Қазір сот саласында қолданылып келе жатқан «Татуласу: сотқа дейін, сотта» жобасы арқылы біраз нәтижелі жұмысқа қол жеткізіп келеміз. Соттағы жүктемені құрап отырған істердің басым бөлігі татуласумен реттелуге жатады. Сондықтан мұндай даулардың көбейіп кету себептерін анықтап, талдау жасауды одан әрі жандандыруға, татуласу орталықтары мен билер кеңесінің жұмысын да жетілдіруге сала мамандары мен сот қызметкерлері жан-жақты жұмыстар атқарып келеді.

Ал медиацациялық келісімде судья татуластырушы тараптарға қойылған талаптардың шегінен шығу құқығын, жауапкердің қарсы шарттар қоюға мүмкіндігін жан-жақты түсіндіреді. Нәтижесінде, өзара тиімді шарттар бойынша келісім жасалады. Өз кезегінде бұл тараптардың алаңдаушылық сезімін басып, ризашылыққа әкеледі. Мұндай жағдайда ұйғарымға шағым келтірілмейтіні анық. Медиацацияның ең тиімді тұсының бірі соттар жүктемесінің азаюына оң әсер етуде. Сотқа даусыз істермен жүгінетіндер де жетерлік. Сондай кезде тараптардың өзара келісімге келуінде татуласу рәсімдерінің маңызы зор. Мемлекеттік баждың қайтарылуы да азаматтар мен заңды тұлғалардың дауды бітімгершілік жолымен шешуге ынтылан-дырады. Әсіресе, жоғарыда аталған жоба аясында



А.АЛТЫНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының
кеңсе меңгерушісі

дау-дамайлар тез арада шешімін табуда. Жобаның басты артықшылығы да осында екенін айта кеткен жөн.

Тағы бір айта кетерлігі бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Респубикасының Азаматтық-процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Жаңа өзгеріске сәйкес егер тараптар татуласуға қол жеткізбесе, сот тараптардың істі сол судьяның қарауына келісімін анықтайды. Егер тараптар істі бұрынғы судьяның қарауына келіспеген жағдайда, талап қою арызы басқа судьяға қайта бөлінеді. Татуластыру рәсімдерін одан әрі дамыту мақсатында дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеуге қатысушы тұлғалар шеңбері кеңейді. Сонымен бірге осыған дейін қолданыста болған кодекс талабына сәйкес сот істің нақты мән-жайларын анықтау мақсатында өз бастамасымен дәлелдемелер жинаудан толық босатылып, тек тараптың уәжді өтінішхаты бойынша оған қажетті материалдарды алуға жәрдем көрсететін. Қазіргі өзгерістерге сәйкес сотқа тараптың уәжді өтінішхаты немесе өз бастамасымен іс материалдарын жинау және зерттеу бойынша шаралар қабылдап, өз бастамасымен сот тапсырмаларына дәлелдемелерді жинау өкілеттігі берілді.

– Алматы Мұратұлы, елдегі қылмыстық процестік заңнама соңғы жылдары көптеген өзгеріске ұшырады. Оның маңызы неде? Құқықтық ахуалды реттеудегі әсері қандай?

– Естеріңізге сала кетейін, реформаның мәні әрбір мемлекеттік органның құзыреті мен жауапкершілік аймағын нақтылап, олардың заң шеңберінде қызмет атқаруына ықпал ету, заңдарды жетілдіру жолымен азаматтардың құқығын қорғау. Атап айтқанда, қылмыстық қудалау органдары полиция, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаменті – қылмыстарды, оның ішінде, қылмысқа қатысы бар тұлғаларды анықтауды, сондай-ақ дәлелдемелер жинауды қамтамасыз етеді. Прокуратура – жинақталған дәлелдемелерге тәуелсіз баға



Алмат БАЙШОЛАҚОВ, Шығыс Қазақстан облысының прокуроры:

«ҮШ БУЫНДЫ МОДЕЛЬ ТИІМДІЛІГІН КӨРСЕТТІ»

береді, азаматтар құқықтарын бұзудың жолын кеседі және сотта мемлекеттік айыптауды қолдайды. Үшінші буын, сот – органдардың әрекеттеріне берілген шағымдарды қарайды және іс бойынша түпкілікті шешім шығарады.

Жаңа форматта қылмыстық процесс жағдайларында қылмыстық істер бойынша қылмыстық қудалау органдарының негізгі процестік шешімдерінде прокуратура органдарына үлкен рөл беріледі. Пилоттық режимде біздің облыс алғашқылардың бірі болып 2020 жылдың 10 тамызынан бастап жаңа формат бойынша жұмыс істей бастады. Бұл үлкен тәжірибе аланы. Ол Қылмыстық-процестік кодекстегі өзгерістер заңды күшіне енгенде және үш буынды модельмен жұмыс істеуге бүкіл республиканың толық дайын болуына мүмкіндік берді.

Көрсетілген уақыттан, яғни өткен жылдың 31 желтоқсанынан бастап барлық негізгі процестік шешімдерді прокурорлар электрондық форматта қарастырады. Бұл онлайн режимінде олардың заңдылығын дереу тексеріп, оларды келісу және мақұлдау немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Мұндай шешімдердің барлығы 7 сатыдан тұрады, оларға келесілер жатады: өндірісті тоқтату және тергеу мерзімдерін үзу, тұлғаны құдікті ретінде тану, оның әрекеттерін саралау және қайта саралау, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы, бұйрық өндірісін қолдану туралы қаулыны бекіту.

Бүгінгі күні облыста жалпы 29 мыңнан астам осындай шешім келісіліп бекітілді. 1160 бас тарту дерегі болса, бұл жалпы санның тек 4%-ы, бұл қылмыстық қудалау органдары қабылдайтын негізгі процестік шешімдердің сапасын көрсетеді.

– Үш буынды модель қылмыстық іс жүргізу шеңберіне тартылған тұлғалардың жағдайына қалай әсер етеді?

– Қылмыстық процестің үш буынды моделінің бірінші кезеңі енгізілген сәттен бастап бір жыл өтті. Бүгінгі таңда, реформа көптеген он өзгерістер жасады деп сеніммен айтуға болады. Процесс

ашық және жылдам қаралады. Жоғарыда атап өткенімдей, тергеу сапасы артты.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау деңгейі айтарлықтай күшейтілді. Қылмыстық қудалау органдарының барлық негізгі шешімдерінің прокурордың келісімінсіз заңды күші мен құқықтық салдары болмайды. Осылайша, прокурор шешімді бекіткенге дейін қылмыстық процеске тартуға жол берілмейді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша облыста істі тоқтату санының 56 пайызға (883-тен 385-ке дейін) төмендегені байқалады, 50 жағдай прокуратура істері бойынша қате сараланғандықтан келісуден бас тартты. Нәтижесінде, азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуы 37 пайызға төмендеді.

Бас прокуратураның, тергеуші мен прокурордың іс-әрекеттеріне сот қанағаттандырған өтініштері бойынша нысаналы индикаторы алынды. Республикалық индикатор 36% болса, біздің облыс бойынша ол 14,7% құрайды. Сот қараған 129 шағымның 19-ы ғана қанағаттандырылды. Сонымен қатар, қылмыстық істер бойынша сот өндірісінің электрондық форматы айтарлықтай кеңейтілді. Бүгінгі күні электрондық істердің үлес салмағы 74 пайызға дейін ұлғайды. Сонымен бір мезгілде базаға ақпараттық-есептік құжаттарды уақытылы енгізу мүмкіндігі толығымен жойылды.

– Алматы Мұратұлы, біздің білуімізше, бұл реформалар әлі жалғасын табатын сияқты. Бұл саланы болашақта тағы қандай өзгерістер күтіп тұр?

– Иә, басты процестік шешімдерде прокурормен келісу бұл Мемлекет басшысының қылмыстық процесті реформалау және азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау дәрежесін күшейту бойынша қойған міндеттерін орындаудың бірінші кезеңі ғана.

2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қылмыстардың аса ауыр санаты бойынша айыптау актісін жасау жөніндегі өкілеттіктер прокурордың құзыретіне өтетін болады. 2023 жылы оларға

сыбайлас жемқорлық, ал 2024 жылы істердің барлық басқа санаттарына да қылмыстық істер бойынша айыптау актісін құрастырады.

Шығыс Қазақстан облысында жаңа айыптау актілерін жасау тәжірибесі процестік басшылық бойынша пилоттық жоба шеңберінде 2017 жылдың қыркүйегінен бастап қалыптасты. Сол кезден бастап прокурорлар 300-ден астам жаңа айыптау актісін, оның ішінде басты сот талқылауы барысында жасады. Жұмыс облыстың әр аумағында жүргізілді. Процестік құжатты дербес құрастырудың практикалық дағдыларын үйретуге көп көңіл бөлінді. Бұл тәжірибе жалғасуда және жетілдірілуде. Бүгінде Шығыс Қазақстан прокуратурасы екінші кезеңді жүзеге асыруға толығымен дайын.

Қорытындылай келе, халықаралық стандарттарға қол жеткізуге ұмтылатын кез келген мемлекет дамуының маңызды көрсеткіші – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау сот төрелігінің қолжетімділігі мен ашықтығы болып табылады.

Процестің жаңа үш буынды моделінің алғашқы нәтижелерін талдай отырып ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында белгіленген құқықтық реформалардың бағыты дұрыс екенін сенімді түрде айтуға болады. Алдағы кезеңде прокурорлар үш буынды модельді одан әрі іске асыруға назар аударады және Мемлекет басшысының айыптау актілерін дайындау бойынша прокурорлардың құзыретін кезең-кезеңімен кеңейту жөніндегі тапсырмасын тиімді орындауға барлық қажетті шараларды қабылдайды. Бұл, сөзсіз, олардың жауапкершілігін арттырады және сонымен бір мезгілде тергеу нәтижелерін құқықтық бағалау тетіктерін күшейтеді. Прокуратура органдарында қойылған міндеттерді іске асыру үшін құқықтық база, күштер мен құралдар жеткілікті.

– Әңгімеңізге рақмет. Істеріңіз табысты болсын.

Сұхбаттасқан
Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ПАРАҚОР ДИРЕКТОР

Ақтөбеде №71 мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы Айгүл Көшербаева парламен ұсталды. Сот оны 7 жылға бас бостандығынан айырды.

Сот материалдарына қарағанда, 2020 жылдың қыркүйек айында Айгүл Көшербаева мектеп директорының міндетін уақытша атқара отырып, педагог-ұйымдастырушы болып жұмысқа орналасқысы келген ақтөбеліктен 200 мың теңге пара алған. Бір айдан соң оның тағы бір адамнан пара алғаны анықталды. Бұл жолы ол іс қағаздарын жүргізуші, хатшы қызметі үшін 100 мың теңге талап еткен. Алайда, көп ұзамай қылмысы әшкере болған педагог жұмыстан шығарылды. Мектепте тексеріс басталып, жас мамандар бұрынғы басшысының үстінен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментіне шағым түсірген. Соңыра жасырын тергеу әрекеттері жүргізіліп, Қылмыстық кодекстің «пара алу» бабы бойынша іс қозғалған.

Сот отырысы кезінде сотталушы өзіне тағылған айыпты ішінара мойындады. Айтуынша, ол декретке кеткен мектеп директорының орнында бар болғаны үш айдай ғана жұмыс істеген. Жас мамандарды ешқандай парасыз жұмысқа орналастырған. Алайда олар мектеп директорының міндетін уақытша атқарып жүрген педагогтың жанұялық жағдайының нашар екенін көріп, өздері көмек ретінде ақша ұсыныпты-мыс. Сотталушы «қарызға ақша алғанына» өкініп, үкім шығару кезінде үш кішкентай баласының барлығын ескеруді сұрады. Алайда сот оның жауабына сын көзбен қарап, бұл әрекетіне «қылмыстық жауаптылық пен жазадан жалтару мақсатында айтылды» деген баға берді.

Ақтөбе қаласы №2 сотының үкімімен педагог 7 жылға бас бостандығынан айырылды. Жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтейді. Енді өмір бойы мемлекеттік қызметте жұмыс істей алмайды. Бұған қоса сот қызметкері сыбайлас жемқорлыққа жол берген «Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ-нің атына жеке қаулы шығарды.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

БАС БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕУ – ЖЕҢІЛ ЖАЗА ТҮРІ

Жұртқа түсінікті тілмен жеткізетін болсақ, бас бостандығынан айыру – түрмеге жабу, ал шектеу – үй қамағына алу немесе ешқайда кетпеу туралы тілхат жазу. Бас бостандығынан шектеу – жеңіл жаза түрі.

Адам жазасын үйде өтейді. Оған өз аумағынан шығуға тыйым салынады не белгілі бір уақытқа ғана шыға алады. Бас бостандығын шектеу сотталған адамға алты айдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеуден және оны жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын жүз сағат мәжбүрлі еңбекке тартудан тұрады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 44-бабына сай бас бостандығын шектеу сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшауланбай өтеледі. Мәжбүрлі еңбекті жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастырады және күніне төрт сағаттан өтеледі. Тұрақты жұмыс орны бар немесе оқып жүрген сотталғандар, көмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер, сондай-ақ жазасы алты айдан аз мерзімге бас бостандығын шектеуге ауыстырылған сотталғандар мәжбүрлі еңбекке тартылмайды. Пробациялық бақылауды өкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады және сот шешімі бойынша сотталған адамның мінез-құлқын

бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға хабарламай, тұрақты тұрғылықты жерін, жұмысын, оқуын ауыстырмау; белгілі бір орындарға бармау; психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтарын (ауруларын), жыныс жолдары арқылы берілетін аурулардан емделу курсынан өту; отбасын материалдық қолдауды жүзеге асыру міндеттерін; сотталған адамның түзетуіне және оның жаңа қылмыстық құқықбұзушылықтар жасауының алдын алуға ықпал ететін басқа да міндеттерді орындауды қамтиды. Бас бостандығын шектеуді өтеуден қаскөйлікпен жалтарған жағдайда, оның өтелмеген мерзімі бас бостандығын шектеудің бір күні үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылады. Аталған қылмыстық құқықбұзушылық үшін көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау, аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде, сондай-ақ жазаны ауыстыру кезінде бас бостандығын шектеу мерзімі осы бапта белгіленген ең төменгі шектен төмен болуы мүмкін.

Н.ЖАКУПОВА,
Жанақала ауданының сотының жетекші маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Байзақ ауданында «Медиация институтын жандандыру жұмыстарын жүзеге асыру» тақырыбында семинар өткізілді. Оған аудандық сот судьясы А.Телесбаева, аудан әкімінің орынбасары Д.Дәулетов, «Бастау» жұмыс тобының мүшелері, бөлім басшылары, АПБ қызметкерлері, аудандық Билер кеңесінің мүшелері, адвокаттар және аудандық АХАТ бөлімінің өкілдері қатысты.

Семинарда А.Телесбаева медиацияның қоғамдағы рөлі, медиация институтын дамыту туралы алға қойылған жоспарларын айтып, ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың жолдауындағы медиация институтын жандандыруға қатысты тапсырмаларға

жан-жақты тоқталды. Сондай-ақ, Билер кеңесінің қатысуымен қысқартылған істердің статистикасымен жұртшылықты таныстырды.

Судьяның айтуынша медиация рәсімдерін қолдану шаралары бойынша Билер кеңесі-



не жолданатын талап арыздар соңғы кезде төмендеп, орындалмай сотқа қайтарылған талап-арыздар саны өскен.

А.Телесбаева «Отбасылық сот» пилоттық жобасын дамыту

үшін жұбайлардың неке бұзуына әкеп соғатын негізгі себептерді анықтап, ажырасудың алдын алуға қатысты қолға алынуы тиіс шаралармен бөлісті. «Бастау» жұмыс тобына жұмыстарын

жандандыруды ұсынып, отбасын сақтау және тараптарды татуластыру жөніндегі шараларды жандандыру қажеттілігін айтты. Жиында Билер кеңесінің төрағасы М.Болатбеков сөз алып, медиация институтын жандандыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін халық арасында даулы және шиеленісті жағдайларды сотқа жеткізбей шешу мәдениетін қалыптастыруға өз тарапынан барынша атсалысатынын атап өтті. Іс-шара барысында барлық

қатысушылар пікірлерін ортаға салып, бірқатар ұсыныстарын айтты. 2021 жылы атқарылған жұмыстарға талдау жасаған қатысушылар өткен жылы орын алған қателіктерді биыл түбегейлі шешудің маңызды екеніне ерекше назар аударды.

Семинар соңында қатысушылар барлық қойылған сұрақтарға жауап алып, пікір алмасып, бір-бірінің жұмысына сәттілік тіледі.

СОТ СӨЙЛЕСІН

БҰЛТАРТПАУ ШАРАСЫН САНКЦИЯЛАУДЫҢ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес, бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхаттарды қарау сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында тергеу судьяларының құзыретіне кіреді.

Яғни, сот сатыларында бұлтартпау шарасын таңдау, оның күшін жою, өзгерту, ұзарту мәселелері қылмыстық істі қарайтын соттың құзыретіне жатады. Тараптар шағым немесе өтінішхат берген жағдайда тергеу судьясының бұлтартпау шарасын санкциялау туралы қаулыларын қайта қарауды тиісті облыстық немесе оған теңестірілген соттың судьясы жүзеге асырады.

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде соттың санкциялауына күзетпен ұстау, ұйқамақ, кепіл түріндегі бұлтартпау шаралары жатады.

Бұлтартпау шараларын санкциялаудың сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатында ҚР Жоғарғы Сотымен 24.01.2020 ж. «Бұлтартпау шараларын санкциялаудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысы қабылданды.

Бұл нормативтік қаулыға сәйкес, бұлтартпау шарасын санкциялау, сондай-ақ оның мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдау кезінде тергеу судьясы күдіктінің, айыпталушының ҚР Конституциясының 16-бабында кепілдік берілген, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (Нью-Йорк, 1966 жылғы 16 желтоқсан, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 91 заңымен ратификацияланған, Қазақстан Республикасы үшін 2006 жылғы 24 сәуірде күшіне енген) 9-бабында жарияланған және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің нормаларында көзделген құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуі қажет, – делінген.

Күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты қарау



қорытындылары бойынша тергеу судьясы ҚПК-нің 148-бабының жетінші бөлігінде көзделген қаулылардың бірін шығарады.

ҚПК-нің 148-бабы жетінші бөлігінің 3) тармағына сәйкес, күзетпен ұстауды санкциялаудан бас тартылған жағдайда тергеу судьясы ҚПК-нің 137-бабының бірінші бөлігінде көзделген өзге де бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы. Өзге бұлтартпау шарасын таңдау үшін негіздер болмаған кезде тергеу судьясы күзетпен ұстауды санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

ҚПК-нің 136-бабының бірінші бөлігінде санамаланған әрекеттерді күдіктінің, айыпталушының іс жүзінде жасауы мүмкіндігін куәландыратын нақты мән-жайлар бұлтартпау шарасын қолдану үшін негіз болып табылады. Бұл негіздер болмаған жағдайда бұлтартпау шарасы таңдалмауы тиіс.

Бұдан басқа бұлтартпау шарасы ҚПК-нің 138-бабының бірінші бөлігінде көзделген мән-жайлар ескеріле отырып таңдалады.

ҚПК-нің 136-бабының үшінші бөлігінде санамаланған қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілген, айыпталған адам ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) құрамында қылмыс жасады деп күдік келтірілген не қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынуға әрекеттенген немесе жасырынған жағдайларды қоспағанда, осы адамға қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға жол берілмейді.

ҚПК-нің 147-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, заңда бес жылдан аз мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарды жасады деген күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны күзетпен ұстау ҚПК-нің 147-бабы бірінші бөлігінің 1)-ден бастап 7)-ші тармақтарында көрсетілген мән-жайлар болған кезде ерекше жағдайларда қолданылуы мүмкін. Осы кодекстің 140-бабы екінші

бөлігінің, 147-бабы екінші бөлігінің талаптарына сәйкес, қылмыстық процесті жүргізуші орган бұлтартпау шарасын қолдану туралы және тергеу сотының алдында таңдалған бұлтартпау шарасын қолдануға санкция беру туралы өтінішхат қозғау туралы қаулы шығарады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының қаулысында күзетпен ұстау мерзімі көрсетілуге тиіс.

ҚПК-нің 131-бабының төртінші бөлігінде, 151-бабында көзделген ұстау және күзетпен ұстау мерзімдері аяқталған жағдайда, күдікті, айыпталушы ҚПК-нің 133-бабы екінші бөлігінің және 151-бабы бесінші бөлігінің талаптарына сәйкес дереу босатылуға жатады.

Адамға қылмыс жасады деген күдік келтірудің негізділігін тексеру кезінде тергеу судьялары қылмыс оқиғасының шын мәнінде орын алғанын, қылмыстық құқық бұзушылық құрамы белгілерінің бар-жоғын және оны осы адамның жасау ықтималдығын көрсететін жеткілікті деректердің бар-жоғын ескеруі қажет.

Тергеу судьясы күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын сырттай санкциялау туралы қаулыда ұсталған адамды мекемеге жеткізген жағдайда күзетпен ұстау орнының бастығы бұл туралы қылмыстық істі жүргізіп отырған органды немесе адамды және қадағалаушы прокурорды дереу хабардар етуге тиіс.

Тергеу судьясы күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын сырттай санкциялаған адам ұсталғаннан кейін күзетпен ұстауды қолданудың негізділігі туралы мәселені қарау үшін ол сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілетін жердегі тергеу судьясына дереу жеткізіледі. Егер ұсталған адамды сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу орны бойынша тергеу судьясына дереу жеткізу қиын болса немесе ұзақ уақытты талап етсе, онда сырттай санкцияланған күзетпен ұстауды қолданудың негізділі-

гін тексеру туралы мәселені тергеу судьясы адамды ұстау орны бойынша қарауы мүмкін.

Тергеу судьясы сырттай санкциялаған күзетпен ұстаудың негізділігі туралы мәселе ҚПК-нің 148-бабының қағидалары бойынша прокурордың, күдіктінің, қорғаушының қатысуымен өтінішхат келіп түскен сәттен бастап сегіз сағат ішінде сот отырысында қаралады.

ҚПК-нің 48-бабы бесінші бөлігінің талаптарына сәйкес күзетпен ұстау мерзімі нақты ұсталған кезден бастап есептеледі, осыған байланысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы қаулыда: осы мерзімді есептеудің басталуы минутына дейінгі дәлдікпен; осы бұлтартпау шарасы санкцияланатын мерзім; осы мерзімнің аяқталу уақыты бір минутқа дейінгі дәлдікпен көрсетілуі тиіс.

Тергеу судьясы күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты қараған кезде көмелетке толмаған күдіктіні, айыпталушыны ҚПК-нің 144-бабында көзделген тәртіппен қарауда ұстауға беру сияқты шараны айқындау мүмкіндігін талқылауға міндетті.

Күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхат тергеу сотының алдында бірнеше рет қозғалған жағдайда және алдыңғы өтінішхаттарда көрсетілген тергеу әрекеттерін орындау қажеттілігінің уәждері бойынша судья олар жүргізілмеген себептерді анықтауға міндетті. Тергеу судьясының күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы қаулысында осы бұлтартпау шарасы ұзартылған мерзім, сондай-ақ осы мерзімнің аяқталу уақыты минутына дейінгі дәлдікпен көрсетілуге тиіс.

А.БАБАТОВ,
Нұр-Сұлтан қаласының
мамандандырылған ауданаралық
тергеу сотының тергеу судьясы

ӨРТУРА

5. ҚР, 140700, Павлодар облысы, Аққулы ауданы, Аққулы ауылы, Абай көшесі 110А мекенжайы бойынша Аққулы ауданы әкімдігі, Аққулы ауданының экономиканың нақты сектор бөлімінің «Аққулы - су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны құрылады.

6. «Острогорский» ЖШС (БИН: 980 940 001 895) барлық қатысушыларға кезектен тыс жалпы жиналыстың өтетіндігін хабарлайды. Жалпы жиналыс келесі мекенжай бойынша өткізіледі: Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Новый колутон ауылы, орта мектеп ғимаратында. Жалпы жиналыстың өтетін уақыты: «14» ақпан 2022 жыл; сағат 13:00-те.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ: Серіктестік қатысушыларға сұратылған ақпаратты беру.

7. Орал қаласының №2 соты 27.12.2021 жылы Орал қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 15 үйде тұратын Кенесарина Гульнара Мынжасаровнаның өтініші бойынша 03.09.1961 ж.т. БҚО, Орал қаласының тумасы, Назарбаев даңғылы, 171 үй, 5 пәтерде тұрған Қойшибаев Хабибулла Мынжасаровичті қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. 03.09.1961 ж.т. азамат Қойшибаев Хабибулла Мынжасаровичтің жүрген жері туралы мәліметті білетін жандардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай мерзім ішінде ҚР, БҚО, Орал қаласы, 5 ықшамаудан, 12 мекенжайында орналасқан Орал қаласының №2 сотына (судья Г.О.Мусаурова)хабарласулары сұралады. Байланыс тел.: +7(7112)554340, +77771852056.

ТАРАТУ

2. «BAU QAZAQ» ЖШС - ұйымы, БСН 211140007839, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады:

Алматы облысы, Талғар ауданы, Тонкеріс ауылы, Мұқағали Мақатаев к., 35 ғимарат, пошта индексі 041615. Тел. 87078063807

4. «Шет тілдер және іскерлік мансап университеті», БИН 990640002245, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар

хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы,Қазыбек Би көшесі, 168.Тел. 87273797894,3797895.

9. «АлатауТазалықСервис» ЖШС (БСН 170540019130) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112., 410 кабинет, телефон: 87272254483, 87000200069

13. «Форвард Ломбард» ЖШС (БСН 161240015584) өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Жанайдар Жирентаев көшесі, 9 үй, т.б. 1. Тел. 87072504864.

МҰРАГЕРЛІК

3. 27 қазан 2021 жылы қайтыс болған Омарова Жайнат Елеусизовнаның мүлкіне мұра ашылды. Мұрагерлер Түркістан қаласының нотариусы Т.Ө. Тілеповке хабарласуға болады. Мекенжайы Түркістан қаласы, Тауке хан даңғылы, 301. Тел. 87016565788.

14. 01.08.2021ж. қайтыс болған Еринбетов Қалдыбек Ахмедовичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Түркістан қаласы, 1-микрорайон 12 үй, 26 мекенжайы бойынша нотариус Байсебаев Ерлан Еркембаевичке келуі қажет. Тел.: 87017314766.

15. 2021 жылы 27 қарашада қайтыс болған Жанар Бақытжанқызы Кенжебаеваға қатысты мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер нотариус Хамитова Гүлмира Үсембайқызына Нұр-Сұлтан қаласы, Бруслиовский көшесі, 5 корпус, ВП-13, телефон 30-71-66 мекенжайына хабарласу керек.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Фривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-al@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argdawk_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вылдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

– Тұнық, қайдасың?
– Ваннадан шықтым, енді бір аптаның ұйқысын ұйықтасам деп тұрмын...
– Қайдағы ұйқы? Киін де, тез жет! Мекенжайды телефонына жібердім.
– Тағы не боп қалды?
– Келген соң көрерсің...
– Құрып кеткір, – деп, басындағы сүлгіні төсектің үстіне лақтырып жіберген Тұнық асығыс киіне бастады. К.Дойл, Э.По, А.Кристи сынды жазушылардың шығармаларын оқи-оқи, шытырман оқиғалардың бел ортасында жүрсем, түрлі жұмбақ қылмыстарды ашсам, кәнігі ізкесуші болсам деген арманды бала күнінен санасына құйған қыз бұл күнде біраз жасқа келген...

Әріптесі айтқан жерге жеткенше жедел жәрдем мен сақшылар да келіп үлгеріпті. Төргі бөлмеде денесі шүберекпен жабылған мүрде жатыр.

– Ал бұған не дейсің? – деді әріптесі, шүберекті сәл ашып. – Дәл сол қолтанба!
– Дәліздегі бейнебақылау істей ме екен, көре алдың ба?
– Көрдім. Осыдан үш сағат бұрын жанында бір ер бала бар, екеуі үйге кірген. Бірақ мына жұмысты бір ғана адам істеген деп айту қиын.
– Сендерге кім хабар берді?
– Көрші кемпір бірер күнге саяжайына барып келетін болып, мысығын, гүлдерін табыстайын деп есігін қағыпты, ешкім жауап бермеген соң есікті тартып көрсе, ашық екен. Кірсе, міне, осы жағдай.
– Жалғыз тұра ма екен?
– Үш қыз бірігіп пәтер жалдапты. Қазір жанындағы екі қызды іздестіріп жатырмыз.
– Түсінікті...

Мүрдені бастан-аяқ тағы бір шолып шыққан Тұнық балконға шықты да, айналасына мұқият қараған соң, телефонын қолына алды.

– Осының бәрінің артында өз ісін өте жақсы меңгерген бір ғана топтың тұрғаны анық, – деді, көп ұзамай соңынан шыққан әріптесі темекісін тұтатып жатып.

– Бұл жаңалықты өзін аштың ба? – деп, Тұнық мырс ете қалды. Оған әріптесінің әр жерге тұмсығын тығып, тіміскіленіп, түрлі болжам жасап, сол болжамын өзі жорып отыратын езбелігі ұнамайтын.

– Әрине, өзім! Қара, соңғы жарты жылда жеті мүрде. Жетеуі де жас, жетеуінің де өлімі ұқсас. Ең бастысы, мұның бәрін бір ғана адам істей алмайды. Бұл – адам ағзасын сыртқа жасырын жолмен шығарып жүрген үлкен қылмыстық топтың шаруасы.

– Бүгінге осы жетер, Шерлок Холмс. Мен өзіме керекті ақпарды алдым, енді кетуге рұқсат бер.

– Айтпақшы, бұл іске бас-көз болуға үлкен қаладан арнайы маман жіберіпті. Қазір ұшақтан түсіп, бірден осында келмек. Мүмкін танысарсың?

– Бүгін ешкіммен танысуға құлқым жоқ. Ертең де күн бар ғой. Көріскенше!

– Жолың болсын! – деген әріптесі шылымын төменге шертіп жіберді де, көп ұзамай ішке кірді. Жедел жәрдем дәрігерлері әлденені даурыға талқылап сыртқа шығып барады екен. «Бұлар үлкен қаладан шыққан ізкесуші келгенше осында болуы керек емес пе?» деген оймен сондарынан жүгіре шыққан ол, аңтарылып тұрып қалды. Есік алдында жедел жәрдем көлігі де, жаңа ғана дабырласып жүрген дәрігерлер де жоқ. «Қасқағым сәтте қайда кетіп үлгерді?...» Ойын телефон шырылы бұзды.

– Алло...
– Құсұйқы, бұл мен ғой, қонағыңа мән-жайды түсіндір де, қонақ үйге орналастыр. Сұраса, керек-жарағын тауып берерсің...

– Түсіндім, – деп, ол телефонын қалтасына салды да, «Дәрігерлерді жер жұтты ма?» деп ойлап үлгергенше аулаға бастығының көлігі келіп тоқтап, ішінен жасы отыздың о жақ, бұ жағындағы қагілез жігіт түсті. «О, тоба! Мұндай боқмұрындар өзімізде де өріп жүр ғой. Мынаны бізге не үйретеді деп жіберіп отыр?» Алыстан келген жаңа әріптесіне селқос қол созған ол: «Бері жүріңіз», – деді де, алға түсіп, аяндай жөнелді. Өзін мазалаған ойға еріксіз қайта оралған Құсұйқы екінші қабатқа көтеріліп, мүрде

жатқан есікті ашқанда тағы есенгіреп қалды. Жаңа ғана өзі артынан қуа шыққан дәрігерлер іште отыр...

– Оқиғаны қысқаша баяндап беріңізші, – деді оған үлкен қаладан келген ізкесуші.

– Баяндайтын несі бар? Бұл осымен бір қолтанбамен іске асырылған жетінші қылмыс. Өз болжамымша, адамның ішкі ағзаларын қара базарда саудалайтын қылмыстық топтың жұмысы.

– Осы күнге дейін жеті іс те ашылған жоқ қой?

– Иә. Барлық дайындықтан өткен, әбден әзірленген кәнігілердің ісі. Із тастамайды, итгер.

Екі бөлмені толық сүзіп шыққан қала-лық ізкесуші:



– Сіздер жолдаған істермен толық танысып шықтым. Рас, бәрінің тарихы ұқсас. Тек, менің түсінбегенім, телефондарында, компьютерлерінде бір ілік шынымен жоқ па? Әлдекіммен хат жазыспаулары мүмкін емес қой, – деді Құсұйқыға таңдана қарап. Бұл, «Болса, жасырып отыр дейсің бе?» дегендей, үлкен қаладан келген маманға жақтырмай қарады да:

– Бәрінің байланыс құралдарын, әлеуметтік желілерін түк қалдырмай зерттеп шықтық. Бір ілік табылса, іске тіркейтін едік қой, – деді.
– Иә, қиын, қиын...
– Істі неден бастамақсыз? Менен қандай көмек керек?

– Әзірге телефон нөміріңізді берсеңіз болғаны.
– А, әрине. Мен де сіздікін жазып алайын, – деп, телефонын қолына алған Құсұйқы, жаңа әріптесінің нөмірін жазып болып, – Қонақ үйіңіз дайын, шаршап келген боларсыз... – деді байыппен.
– Ниетіңізге көп рақмет, мен бүгінше осында болам.
– Осында болғаны несі?
– Бұл – менің байырғы әдетім, алаң болмай жүре беріңіз. Айтқандай, сіздің бұдан өзге жасырын немесе қосымша телефон нөміріңіз жоқ па?

– Жок, оны неге сұрадыңыз?
– Жәй, көңіліңізге алмаңыз. Бұл нөміріңіз өшіп тұрған жағдайда керек бола ма дегенім ғой... Сау болыңыз!
– Жаксы, ертеңге дейін, – деп, есік алдына қайта шыққан Құсұйқыны қағып-соғып, екі-үш тәртіп сақшысы асығыс ішке кіріп кетті. «Мыналарды жың соққан ба? Іште онсыз да сендей соғылсып бір қорасы жүр емес пе?» деп ойлаған Құсұйқы бастығының көлігіне келіп отырды да:

– Бұларға қашан ес кірер екен? Бірденеден құр қалғандай ентелеп, – деді.
– Кімді айтасың?
– Сақшыларды айтам. Іштегі адам аздай, қазір тағы келді ғой.
– Қазір?
– Иә, қазір ғана мені қағып-соғып ішке кіріп кетті ғой.
– Оу, басаке, түс көрдің бе, бағанадан бері осында отырмын, сенен басқа тырс еткен пенде көрсем, көзім шықсын.
– Сонда мен жыңдымын ба? Қане, көп сөзді қойып, үйге айдашы. Ұйықтамағалы он күн болған шығар. Біреуін

аяғына шығара алмай жүргенде енді бұл қосылды.

– Дұрыс, әбден демалмасаң болмас. Түріңнен адам шошиды.

Түн ортасында қайтса да бастықтарының кабинетіне ертелете келген Құсұйқыны Тұнық пен үлкен қаладан келген ізкесуші күтіп отыр екен.

– Кеше танысып үлгерген боларсыңдар, дегенмен артық болмас, біздің жаңа әріптесіміз – Нұрлы! Лақап аты «Белгісіз» екен.

– Алғашқы алты істі қоя тұрайық, түнде өзі басы-қасында болған жетінші қылмыс бойынша Белгісіз бізге не айтар екен? – деп, Құсұйқы жаңа әріптесіне сынай қарады.

– Әзірге ештеңе айта алмаймын. «Істі



кәнігі қылмыскерлер жүзеге асырған», – деген кешегі сөзіңіздің жаны бар. Қызбен кірген жігіттің бет-бейнесі мүлде көрінбейді. Айналасына жалтақтамаған, камераға мүлде қарамаған, сырт көзге күдік алдырмаған. Тек, сұлбасынан спортпен айналысқан жиырманың ішіндегі жас жігіт екенін аңғаруға болады.

– Бұл бізге де белгілі жәйт қой. Сонда түнімен мүрдені күзеткенде көңіліңізге түйгеніңіз осы ғана ма?

– Жарар, қазір тәжікелесіп отыратын уақыт емес! – деп, сөзді бөлген бастық Тұныққа қарады да: – Сен жаңа әріптесіңнің жанында бол. Қандай шешімге келсеңдер де мені құлағдар етіп отырарсыңдар. Ал сен менімен жүр, – деп, Құсұйқыны ергіп сыртқа беттеді.

Олардың ізін ала шыққан Тұнық, көлігіне отырып жатып:

– Сіздің не ойыңыз бар? – деді жаңа серігіне.

– «Олар қылмыс жасаған жеріне таяу арада бір соқпай кетпейді» дегенді білесіз ғой. Мен сол манды тағы біраз шолғанды жөн көріп тұрмын.

– Арзан детективтерді көп оқығаныз-ау. Ескірген әрі көп жеміс бермеген әдіс қой ол. Дегенмен, еркіңіз білсін, сізді сол маңға жеткізіп салайын. Ал сіз мені бірер сағат мазаламаңыз. Келістік пе?

– Келісуін келісем ғой. Тек, қайда баратыныңызды білуге бола ма?

– Кәсіби қызығушылық па? Әзірге жұмбақ бола тұрсын, шаруам сәтімән аяқталса, сізге бірінші айтуға уаде берейін.

– Келістік. Айтпақшы, Тұнық сөзі түсінікті, қыз баласына жарасып та тұр. Құсұйқыны ұқпадым, расымен құсұйқы ма жаңағы әріптесіміз?

– Иә, ешқандай астары жоқ, тура мағынасындағы құсұйқы. Тәулікті қойшы, апталап ұйқысыз жүре беруге бар.

– Таптырмайтын кадр екен.
– Оныңыз рас. Міне, келіп те қалдық. Ана бес қабатты сары үйді ұмытпаған боларсыз. Әлдене байқасаңыз, хабарла-сыңыз.

– Жаксы.
Көліктен түсіп қалған жаңа маман Тұнық кеткен тұсқа біраз қарап тұрды да, жолды жауып қалған сары жапырақтарды кешіп, үйге беттеді. «Біrer сағатта не бітірмек? Айналдырған жарты жылда жеті өлім. Сонда бұлар не істеп жүр?» деп ойлады жолай. Бұл уақытта екі кө-

шеден өтіп үлгерген Тұнық әлдекімге телефон соқты.

– Қалай, бәрі дұрыс па?
– Дұрыс!
– Көзге түсіп қалған жоқсыңдар ма?
– О не дегеніңіз, қарындас...
– Жарайды, қылжақты қой. Мен де көп ұзамаймын.
– Ұқтым.

Бес қабатты үйді бір емес, екі айналып шыққан Белгісіз күдіктенер еш себеп таба алмады. «Не деген сұмпайылар? Әзірге тіркелгені жеті мүрде. Бізге беймәлімі қанша екенін сайтан білсін...» Саяжайға кетпек болған кемпірден бастап, көрші-қоланды түгел аралап, бәрінен сыр суыртпақтап көргенімен, бәрі бекер сияқты.

Қала шетіне шығып, көлігін бір тасаға қойған Тұнық сырт киімін ауыстырып, телпегін баса киді де, шағын қала мен саяжайлардың арасына қатынайтын таксилердің біріне отырды. Қазіргі түрін менмін деген кәсіпқой да тани қоймас. Тауға қарай еңгіте ұмтылып келе жатқан көлік терезесінен сыртқа қарап отырған Тұнықтың ойына ішкі ағзалары тоналған қыздар түсті...

– Келдік, қызым, – деген жүргізушінің дауысынан селк ете қалған ол жолақы-

сын төледі де, сыртқа шықты. Қайың жапырағын сарыға, тобылғы, торанғы жапырағын қызғылт, қоныр тұске бояған, шырша қылқанын мәңгі жасыл қалпында



сақтаған құдіретке тәнті болып, төңіректі көмкерген сұлулыққа сұқтана көз салған Тұнық, «апам марқұм бұл мезгілді мизамшуақ деуші еді. Осы таңғажайып көркемдікті армансыз тамашалай алмай-ақ өміріміз от пен судың арасында өте шығар ма екен?» деп бір күрсінді де, саяжайдың біріне бақша жағынан кіріп кетті.

– Келдіңіз бе, ханым?
– Не боп жатыр? Бастадыңдар ма?
– Бастадық. Міне.

...Тоңазытқышты ашқан жиырмадан енді асқан жігіт ораудағы заттарды алып, қораптарға сала бастады. Зейін қоя қараған адамға шағын қораптардың да тоңазытқыш екені белгілі еді. Көп ұзамай бөлмеге екі адам кірді.

– Ана жақпен хабарластыңдар ма? – деді, жас жігіт.
– Иә. Бізден хабар күтіп отыр, – деді біріншісі.

– Айтпақшы, ана бөлмедегі тоңазытқыштардағы тауарды қайтеміз? – деді екіншісі.

– Қайдағы тоңазытқышты айтып тұрсың? – деп, жас жігіт ашулана қарады.

– Ана бөлмеде екі тоназытқыш тұр емес пе?

– Мынаны жың соққан шығар.

Жас жігіт біріншіге қарады. Ол иығын қиқаң еткізді де:

– Шал кейінгі кезде қатты шаршап жүр, көніліңе алма, – деп, кеңк-кеңк күлді.

– Ой, сенбесеңдер, жүріңдерші, – деп, бөлмеден шығып кеткен екінші ұзақ айналды.

– Осыдан баяғыда құтылу керек еді. Өстіп сандырақтап жүріп, бұл бір күні бәріміздің түбімізге жетеді, – деді бірінші.

– Әкемнің қарғылы төбеті ғой. Артымызды жауып отырған осы. Дегенмен, рас, сақ болу керек. Бұлар екі жакка да ойнауы әбден мүмкін.

Бөлмеге қайта кірген екінші аң-таң.

– Осыдан өтірік айтсам, өліп кетейін, жаңа ғана кіргенімде ана бөлмеде екі тоназытқыш тұрған. Есігін ашып көріп ем, тауар толы екен.

– Енді қайда ұшып кетіпті ол тоңазытқышын?

– Ит біліп пе? Әлде сендер менен әлдене жасырып тұрсыңдар ма?

– Сенен не жасырамыз? – деп, жас жігіт екіншінің жағасынан ала түсті де, қабырғаға тақап, – Осы сен бәрін әдейі істейсің бе? Жок, бізді сынап жүрсің бе? Не керек өзіңе? – деді.

– Онбай кетейін, көргенім рас!
– Есіңді жи. Болмаса, бір күні мына қораптың ішінде өзің жатарсың!
– Ех, осы іске қайдан шатылдым, қайдан?

– Не танып тұрсың? Қызың өлім аузында жатқанда темтендеп күллі қаланы кезгенің, донар іздеп күллі елге сұрау салғаның есіңнен шығып кетті ме? Байка, жақсылықты ұмытсаң, қызыңның қайда тұрып, қайда жүргені бізге аян. Бәрін есіңе түсіреміз!

– Қызымды ойыңа ала көрме, кез келген адамның қолыңда өлем!

– Онда сандырақтамай өз жұмысыңды біл. Бұл істен ши шығушы болмасын!

– Менен ши шықпаса, бірақ үлкен қаладан келген ізкесушісымақ сені жорамалдап отыр. Сен де байка!

– Сонда не дейді оның?
– «Жасы жиырмалардың үстіндегі дене тұрқына қарасаң, спортпен айналысқан жігіт», – дейді.

Сақ-сақ күлген жас жігіт марқайған көңілмен:

– Бастығың не деп жатыр? – деді.

– Ол не десін? Зейнетке абыроймен шығып алайын деп жүргенде, мынау үсті-үстіне үдеп кетті ғой деп, шақшадай басы шарадай болып жүр.

Жамырай күлген топ шағын қораптарды ауладағы терезесінің бәрі қараңғыланған көлікке тией бастады...

Тұнық пен үлкен қаладан келген ізкесуші көлік ішінде әңгімелесіп отыр.

– Сонда Құсұйқыдан қашан күдіктендің?

– Жалғыз Құсұйқыдан ғана емес, бастығымнан да күдіктендім. Екеуі менен бірденені жасырып жүргендей болды. Содан екеуінің де соңына тыңшы қойдым. Бесінші мүрде табылған кезде есіктегі, балкондағы саусак іздері мен Құсұйқының жұмыстағы саусак іздері сәйкес келді. Бірақ бұл дәлел аздық ететін. Оның үстіне, бұлардың артында кім тұрғанын білу маңызды емес пе?

– Құсұйқының саусак іздері із кесуге келгенде қалған шығар деген ой болмады ма?

– Жоқ. Өйткені қылмыс жасалған төртінші және бесінші жерге мен бірінші келіп, ол жеткенше саусак іздерін алып үлгерем.

– Содан?

– Содан ол көп ұзамай саяжайға келді, бір емес, бірнеше рет. Күтіп отырып, үйде ешкім қалмады-ау деген кезде әр бөлмеге, аулаға жасырын камералар қойдық. Таяу жерден өзіміз де бір саяжайды жалға алып, сенімді адамдарымызды ерлі-зайыпты ретінде орналастырдық. Олар көз жазбай компьютер арқылы бейнекамераларды бақылады да отырды.

– Жас жігіттің әкесі шіріген бай боп шықты. Сол байлық жетпеді ме екен? Екі ортада өз баласын күйдірді.

– Адал жолмен байыды дейсіз бе? Бірақ о баста бұл іске әкесінің қатысы болмаған сияқты. Өзіңіз де білесіз, қылмыс әлемінде байлардың, жоғары қызметтегілердің балаларын құрал ретінде пайдалану көптеп кездеседі. Мұны да солай тұзаққа түсіріп, баласы арқылы кіріптар қылып қойған ба деймін.

– Ол да әбден мүмкін, тергеу әділ жүрсе, бәрінің ақ-қарасы анықталар. Ең бастысы, күллі елдің төбе құйқасын шымырлатқан қылмысты онай аштыңыз. Мықты екенсің!

– Бізге қайдағы мықтылық? Онай деп те айтпас едім... Әр қазаны көрген сайын денем түршігеді.

– Бастығым сіздің жұмысқа тәнті болып отыр. Мүмкін бізге келерсіз?

– Көңіліңізге мың алғыс. Маған осы шағын қаланың да лаңы жетер.

– Ал онда мен жүрейін, шығарып салғаныңызға көп рақмет! Жол түссе, хабарласарсыз.

Әуежайдан түсіп қалған Белгісіз ізкесуші ұзап бара жатқан Тұнықтың көлігіне бұл жолы да біраз қарап тұрды да, ішке беттеді. «Үлкен қалада менмін деп жүрген мамандардан мың есе артық қой. Енбегі бағаланбай қаншама кәсіпқой осылай қағаберісте қалып жатыр» деп ойлады ол.

Мәлдір РАЙЫМБЕК

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Жаныхмет АҒЫБАЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75.
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №5 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31